Сыр бойы

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 ТАМЫЗ СЕЙСЕНБІ | 2015 жыл №118 (19006) | ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ | www.syrboyi.kz

● ПРЕЗИДЕНТ

БИЛІКТЕГІ ЖАҢА ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Сенбі күні Мемлекет басшысы «Нұр Отан» партиясы Саяси кеңесінің Бюро отырысына қатысты. Бұл туралы akorda.kz хабарлады.

Отырыс барысында Елбасы үлкен жұмыс атқарғаны үшін Бауыржан Байбекке алғыс айтты және партия Төрағасының жаңа бірінші орынбасары Асқар Мырзахметовті таныстырды. Қазақстан Президенті «Нұр Отан» партиясы мүшелерінің ынтымақты жұмысы арқасында оның сайлауалды тұғырнамасының 70 пайызы орындалғанын, басқа бағыттар бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатқанын айтты. «Парламенттегі фракция біз жүзеге асырып жатқан барлық бағдарламаларды заңнамалық тұрғыдан нығайтуды қамтамасыз етіп отыр. «Нұр Отан» азаматтық қоғаммен кең ауқымды диалогты жолға қойды. Партия бастамасымен құрылған «Қазақстан-2050» жалпыұлттық демократиялық күштер коалициясы біздің қоғамды ұйыстыратын алаңға айналды», – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Осы күні Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Оңтүстік Қазақстан облысына жұмыс сапарымен барды. Ол сапар аясында облыстық мәслихаттың сессиясына қатысып, депутаттарға облыстың жаңа әкімі Бейбіт Атамқұловтың кандидатурасын ұсынды. Депутаттар ұсынысты бір ауыздан мақұлдады. Елбасы бұрынғы әкім Асқар Мырзахметов табысты жұмыс атқарғанын, нәтижесінде өңір экономикасы дамып, әлеуметтік нысандар құрылысы белсенді жүргізіліп, қызмет көрсету саласы жүйелі түрде жақсарып келе жатқанын атап өтті. Сонымен қатар, Елбасы өңір активімен кездесу өткізіп, оның барысында облыстың жаңа әкімін таныстырды. Бейбіт Атамқұловтың түрлі басқару салаларындағы жұмыс тәжірибесін, білім деңгейінің жоғарылығын атап өтті.

Ал жексенбіде Қазақстан Президенті жұмыс сапарымен Алматы қаласына барды. Сапар шеңберінде қалалық мәслихаттың сессиясына қатысты. Сессия барысында Алматы қаласының жаңа әкімі Бауыржан Байбектің кандидатурасы депутаттар тарапынан бірауыздан қолдау тапты. Мемлекет басшысы сондай-ақ, қала активімен кездесіп, жаңа басшыны таныстырды және мегаполистің бұдан әрі даму бағыттарын айқындады. Кездесуде Мемлекет басшысы Алматы қаласының бұдан әрі дамуының негізгі бағыттарын атады. Сонымен қатар, Қазақстан Президенті осыған дейін Алматы қаласына басшылық жасап келген Ахметжан Есімовтің «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының басшылығына тағайындалып отырғандығын айтып өтті.

– Ол басқарған кезеңде Алматы қаласы елеулі нәтижелерге қол жеткізді, келбеті өзгерді, барынша икемді әрі жайлы бола түсті. Баспана құрылысы қарқынды жүргізіліп, жаңадан екі аудан пайда болды. «Азиада» табысты өткізілді, қазіргі кезде Дүниежүзілік студенттер ойынына дайындық жүріп жатыр. Алматыда шағын және орта бизнес екпінді дамуда. Оның үлесі қала экономикасында 30 пайыздан асып, бюджет түсімдерінің үштен екісін қамтамасыз етіп отыр. Бұл – маңызды көрсеткіш, – деді Нұрсұлтан Назарбаев. Қазақстан Президенті атап өткендей, Ахметжан Есімовтің тәжірибесі қазіргі уақытта Астанада «ЭКСПО» көрмесін ұйымдастыру және өткізу үшін қажет.

– «ЭКСПО-2017» – біздің болашағымыз. Көрме нысандарының құрылысы – бұл міндеттің тек бір қыры ғана. Оның басқа, әлдеқайда маңызды қыры – мазмұндық толығуы. «ЭКСПО-2017» Қазақстанның барлық салада балама энергетиканы дамыту арқылы жаңа технологиялық құрылысқа өтуі үшін серпін беруі тиіс. Ұлттық компанияның басшылығына үкіметпен, барлық өңірлердің әкімдіктерімен іс-қимыл жасайтын, инвестиция және технология тарту үшін әлемнің ондаған елдерімен жұмыс істейтін тәжірибелі адам керек, – деді Мемлекет басшысы.

● АУЫЛ-АЙМАҚ

ЖАЙЫЛМАНЫҢ ҚАРБЫЗЫ

әр қиырға жол тартты

Иә, Жайылманың аты қарбызымен шықты. Тәуелсіздіктен бергі уақытта. Кешегі кеңестік шаруашылықтар ыдыраған соң, әркім өз бейіміне қарай бас сауғалаған кездер болған. Жайылмалықтар да сойтті, біреу мал бағуға, біреу егінге қарап, нәпақа табуға тырысып бақты. Араларынан бақша егіп, саудалай білгендердің аты оза бастады. Бақшаның бабын білетіндер біртіндеп осы салаға ден қойып жатты. «Шоқмазар», «Жиделі», «Диқан-баба» шаруашылықтары істің көзін тауып, егіндерін ертерек егіп, өнімдерін тезірек саудалауды жұрттан бұрын қамдай бастады. Міне, осыдан барып, жайылмалықтар қарбыз егуге бет бұрды. Бұл күндері осындағы екі жүзден астам тұрғындардың бәрі бақша егуге ерте көктемнен әрекет жасайды. Міне, тамыз айы да орталанды. Жайылма ауылында егілген 375 гектар бақша дақылының басымы қазіргі уақытта жиналып, саудаланып та үлгерді десек, артық айтқандығымыз емес. Әуелгі кезде бір данасы 300-400 теңгеден сатылса, бүгіндері өнім көбейді, 100-200 теңгеге қалағаныңызды ала аласыз. Жалпы алғанда, бұл күндері Жайылмадан 4000 тоннадан астам бақша өнімдері Қазақстанның түкпір-түкпіріне жөнелтіліп үлгерді. Олардың арасында Ақтөбе, Атырау, Ақтау қалаларынан, Ресей жақтан өздері келіп, қарбызды алып кететіндердің қара-құрасы молырақ. Бұл диқандарға да қолайлы, артық өнімді қайтемін деп шаршамайды.

– Шаруа қожалықтар арасында Бағдат Мұсатаев басшылық жасайтын «Жиделі», Әбибулла Уайдаевтың иелігіндегі «Бектас» шаруашылығы өнімін ерте пісіріп, саудаға түсіргендер қатарында, олардың қарбыздары сапалы, әрі ұзақ жол тасымалына шыдамды, -дейді ауыл әкімі Талғат Зейдалиев бізбен әңгімесінде. Аталмыш шаруашылықтардағы бақшашылар Қазбек Кекілбаев, Асылхан Бөкеев, Абай Көрпебаев, Мұхаммед Әбуов, Уәлихан Пазыловтар агротехникасын сақтай отырып, тәуір нәтижеге қол жеткізді. Ал «Шоқмазар» шаруа қожалығының төрағасы Әлімбай Шідербаевтың қарауындағы диқандар Қуанышбек Орынбаев пен Самат Дүйсенбаевтардың күнге шағылысқан кетпендері күміс теңге құйып жатқан секілді, олар өздерінің күтіміндегі қарбыздарды жұрттан бұрын саудаға шығарып, нақты қаражатқа айналдырып та үлгерді. Бұл шаруашылықтағы 85 гектар бақшалықтың әр гектарынан 15-20 тоннадан өнім алынды.

Сауданың қызығы сұранысқа сай жұмыс ұйымдастыра білуде екендігі белгілі. Сондықтан да жайылмалық диқандар алдыма кім келеді деп күтіп отырмай, «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» автобанының бойында сауда алаңқайын ашып, өнімдерін жолаушыларға ұсынудың да сәтін келтірген. Бұл жұмысқа ауыл әкімшілігі қамқорлық жасап, көмек қолын созғандығын да айтқан жөн болар. Осы жердегі Бекахмет Айдаров, Нұрмаш Нұрымов, Шаншархан Ахатов сынды дала еңбекшілері күндіз-түні жолаушылар сұранысына сай қызмет жасауда.

Бақша дақылының тиімділігін біраз сөз еттік, дегенмен, тамыз айында барлық жерде қауын-қарбыз бірдей жетіледі де, оған сұраныстың азайып кетері бар, тіпті өнімдері кеш піскен кей азаматтардың өнімін шірітіп алатындығы да кездеседі. Реніш-кейіс осындайдан туындап жатады. Сондықтан ауыл әкімшілігі, аудандық ауылшаруашылық бөлімі тіпті сатушы мен алушыны жалғап жіберетін шараларды ертерек қамдауды ойластырғаны жөн секілді.

Иә, Жаңақорғанның Жайылмасында өсетін қарбыз елдің әр түкпіріне жол тартып барады. Бар берекені бақшадан тапқан ауылдағы ағайын мерейленіп тұр.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

● ҚОЛДАУ

Бүгінде Қызылорда облыстық кәсіпкерлер палатасының кеңесшілері кәсіпкерлерге тегін бизнес-жобалар әзірлеп беріп жатыр. Осы кезге дейін 2,7 млрд теңгені құрайтын 126 бизнес-жоспар әзірленіп, олар банк тарапынан мақұлдануда. Әзірге аталған жобалардың ішінде жалпы құны 104 млн теңге болатын 10 жоба қаржыландырылған.

ІСКЕРЛЕРГЕ АРНАЛҒАН ТЕГІН БИЗНЕС-ЖОБАЛАР

Кәсіпкерлер палатасының кеңесшілеріне бизнес жоба әзірлеткендердің бірі – Бауыржан Таңатар. Ол қызы Айдана екеуі әуелі «Бизнес-кеңесші», одан кейін «Бизнес өсу» жобасы бойынша оқып шықты. Олар оқыту курсына дайын идеямен келген болатын. Ал жолаушылар тасымалын ұйымдастыруға бағытталған кәсіп ашуды көздеген кәсіпкерлер «Бизнес өсу» жобасында саланы жан-жақты зерттеп, пайда табуға болатынына көз жеткізді.

Ол бүгінде бизнесін ашудың бірінші кезеңінен сәтті өтіп, жолаушылар тасымалы үшін қажетті құжаттарын әзірлеп, тәжірибелі жүргізушілерді жұмысқа алды. Ал кәсіпкерлер палатасы бизнес-жобасын әзірлеп берді. Қазір кәсіпкердің жобасын қаржыландыру мәселесі банкте қаралуда.

Жыл басынан бері қолдау орталықтарының қызметін пайдаланған 94 азамат кәсіпкерлік субъектісі ретінде тіркеуден өтіп, өз кәсібін ашқан.

Айта кету керек, биыл Қызылорда облысының барлық аудандарында ашылған кәсіпкерлікке қолдау көрсету орталықтарында бизнес-жоба әзірлеуге қатысты сұраныс қатары артып отыр. Осы уақытқа дейін аталмыш орталықта төрт мыңға жуық адамға 6325 қызмет түрі көрсетілген.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

● КӘСІПКЕРЛІК

ТІРЛІГІ ТОЛЫМДЫ ТІГІН ЦЕХЫ

Әсия көпбалалы отбасында дүниеге келді. Қағаздан алуан өрнек, нақыштар қиюды ұнататын. Ауыл баласының үй шаруасына бейім болары баршаға мәлім. Өзге бауырларындай Әсия да анасына қолғабыс жасап өсті. Кішкентайынан маркұм апасы Кенжесұлудың жанына еріп өрмек тоқуды, алаша теруді, текеметке ою бастыруды меңгерді. Аяулы анасының қардай аппақ киізге салған ою-өрнегіне қызыға қарап, сондай шебер болуды армандайтын. Араға уақыт салып сол арманы жүзеге асты. Өзі де он саусағынан өнері тамған тігінші атанды. Тек атанып қоймады, талай шебер шәкірттерді баулыды. Ауқымды цех ашып, кәсіп жасады. Көздің жауын алатын сәнді той көйлектері айдай ару қалыңдықтардың ажарына көрік қосты. Дүниеде адамның қуанышына инедей болса да үлес қосқаннан артық бақыт болар ма?! Әзірлеген бұйымдары оясынан шыққан тапсырыс иелері ағыл-тегіл алғыстарын жаудырып жатқанда Әсияның көңілі босайды. Іштей сонау алыста қалған балалық шағын, әке-анасының жарқын жүзін, сағымға айналған бауырларын жадына түсіреді. Көкесі Ықылас «Алтын алма, алғыс ал» деп жиі айтушы еді. Ел-жұртына қадірлі әкесі мұсылманша сауатты, шариғаттан хабары мол жан-тұғын. Көкесін үлкен-кіші тегіс құрмет тұтатын, алдынан кесе өтпейтін. Перзенттері де сол тағылымды бойларына сіңіруден жалықпады.

Бала кезіндегі қиялын ұштаған Әсия Келжанова сол тұста Аралдағы ГПТУ аталатын оқу орнын бітіріп, тұрмыс қажетін өтеу комбинатына тігінші болып орналасты. Жанына жақын мамандықты тез-ақ дөңгелентіп әкетті. Ауысым шеберлері балауса қыздың пісенттілігіне ден қойды. Сенім білдірді. Жігерлі жасқа байырғы, өз кәсібінің біліктілері босқа үміт артпаған екен. Ықыластың Әсиясы берілген межені мезетінде әрі асыра орындап жүрді. Басшылар тарапынан мадақтамалар иеленді. Кейін Алматыда әмбебап қиюшы мамандығы бойынша арнайы курстан өтті. Курс дегенге қомсынып қалмаңыз. Табаны күректей екі жыл нағыз мамандардан дәріс алды. Елге оралып жұмысын жалғастырды.

Тоқырау тұсында тұрмыс қажетін өтеу комбинаты жабылды. Атағы дардай мекеме нарық заңын айналып өте алмады. Не істеу керек? Бұл сол жылдардағы жалпақ жұрттың өзекті сауалы болатын. Алайда, хас шебер далада қалмады. Бір кезде өзі білім нәріне сусындаған училищеге қызметке ауысты. Уақыт өз ағынымен жүре берді. Әсияның қарбаласқа толы күндері басталды. Қуаныштысы, жылдар жылжыған сайын көкейдегі жоспарлары да жүзеге асты. Өндірістен қол үзбей жоғары оқу орнын бітірді. Бертін келе, училище колледж атанды.

Нақты кезеңде Әсия Келжанова колледжде қыздарға тігін тігуден, ер балаларға сызбадан дәріс береді. Оған қоса «Әсия» тігін цехының меңгерушісі. Яғни, жеке кәсіпкер. Алғашқыда санаулы адаммен шаруасын бастаған ұжымда енді 15 адам еңбек етеді. Мұндағы тігіншілердің басым бөлігі бұрынғы тұрмыс қажетін өтеу комбинатында жұмыс жасаған өте тәжірибелі мамандар. Олардың қатарындағы Қарлығаш Сангатинова, Бақыт Шамұратова, Шолпан Боранбаева, Гүлнар Мамытбековалардың есімдері көпшілікке жақсы мәлім. Кейбірінің осы салада жүргеніне 40 жылдан асыпты. Аз уақыт емес. Осынау абзал жандардан жастар тұрмақ тігін цехының меңгерушісі Әсияның өзі үйренуден тартынбайды.

«Әсия» тігін цехында тапсырысқа сай көрпе-төсек, қыздардың сәнді көйлектері, қалыңдық киімі, теміржолшылардың, ішкі істер, медицина қызметкерлерінің арнайы формалары, тағы басқа тігін бұйымдары дайындалады. Қажетті шикізаттар Алматы, өзге де қалалардан тасымалданады.

Әсияның жолдасы Аралбай – түсінігі мол азамат. Әскери тәртіпті қалайтын Арекең бұған барынша қолдау көрсетеді. Қолының ебі бар отағасы цехтағы қондырғылардың ұсақ-түйек жөндеуін өзі реттеп қояды. Мұның зор көмек екендігі өзінен-өзі түсінікті. Кәсіпкерліктің қырсырын меңгеру оңайға соқпайды. Әсия ғұмыр бойы ізденуді мақсат тұтқан. Осы тұрғыда атақты Берік Исмайловтың кеңесін тыңдады. Шәкірті атанды. Мұны мақтаныш тұтады. Келешекте тігін цехын ұлғайту межеде бар. Әрине, мол қаражат керек. Оған мезгіл төреші. Бірақ қазіргі аяқ алыстары жан жадыратады. Алматы, Қызылорда, басқа да жерлерден студенттер арнайылап Әсияның тігін цехына ат басын бұрып, өндірістік іс-тәжірибеден өтеді.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

БАСТАМА

ТҮЛІКТІ АСЫЛДАНДЫРУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ АЙҚЫН

Елімізде мал шаруашылығының дамуына мемлекет тарапынан жеткілікті көңіл бөлінуде. Осы бағытта қабылданған бағдарламалар аясында аймақта айтарлықтай жұмыстар атқарылып жатыр. Малдың санын көбейту, тұқымын асылдандыру жұмыстары жүзеге асуда.

Облыс көлемінде мал шаруашылығын дамыту екі бағытта жүргізіліп жатыр. Оның біріншісі – асыл тұқымды түлік түрлерін сатып алу және мал тұқымын асылдандыру, тектік қорын сақтау, көбейту, сондай-ақ, оны өз төлінен өсіру. Ет бағытындағы асыл тұқымды бұқалар алып, тұқымдық түрлендіруді қолға алу. Яғни, аналық мал басын өнімділік жолымен сапасын жақсарту.

Бүгінде мүйізді ірі қара мал етінің экспорт әлеуетін дамыту жобасы негізінде асыл тұқымды бұқалар сатып алынып, шаруашылықтар арнайы ережелерге сәйкес жұмыс жүргізуде.

Ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру мақсатында Қазалы ауданындағы «Сыр маржаны» серіктестігіне қарасты 500 бас мал бордақылау алаңы қолданысқа ағымдағы жылы беріледі. Сондай-ақ, Жалағаш ауданы «Мега Агро» ЖШС мен Сырдария ауданындағы «Шаған-Жер» ЖШС «КазАгроӨнім» АҚ арқылы 3000 бас ірі қараға арналған кешенді мал бордақылау алаңын салуды бастап кетті.

Бұған қоса, «Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде аймағымызда жұмыс жасап жатқан шаруашылықтар аз емес. 2010 жылдан бері іске асырылып келе жатқан мал шаруашылығын қолдау бағдарламасы аясында біздегі шаруа қожалықтар 10 мың бас мал сатып алыпты. Шаруаларға ірі қара сатып алатын қаржыны «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ беріп жатыр.

Ал, жыл басынан бері өңірдің малшылары Солтүстік Қазақстан облысынан 77 миллион теңгеге 439 ірі қара мал әкеліпті. Сонымен қатар, аграрлық құрылымдар «Ырыс», «Алтын асық» секілді мал шаруашылығын қолдау бағдарламаларына қатысуда. Алдағы уақытта малмен айналысатын шаруа қожалықтарының саны артуы мүмкін. Өйткені, ауылдағы ағайынды мемлекет тарапынан қолдаумен қатар, өңірде жем-шөп өндіру жүйесі жолға қойылуда.

Н.САҒАТҰЛЫ.

● ҰЛТ ЖОСПАРЫ – БЕС РЕФОРМА,100 НАҚТЫ ҚАДАМ

ІС НӘТИЖЕСІ ӘЛЕУМЕТТІҢ КӨҢІЛ-КҮЙІНЕН КӨРІНЕДІ

Елбасы халыққа арнаған Жолдауында «Қарапайым адамдардың әлеуметтік көңіл-күйі біздің басты мақсатқа ілгерілеуіміздің маңызды индикаторы болуға тиіс» деген болатын. Әлеуметтік қорғау саласы – қоғамдағы халықтың әл-ауқаты, тыныс-тіршілігімен біте қайнасып жұмыс атқаруды ұйымдастыратын жүйе. Халық қашанда билікке арқа сүйейді. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына келушілер қайырымдылық жасауды, баласының оқуына, жұмысқа тұруға көмек сұрайды, мүгедек жандар мұңын шағып келеді.

Аталған басқарма басшысы Жазира Жылқышиевамен сұхбатымыз жұмыспен қамтуды үйлестірудің туйткілді тұстары, әлеуметтік қызмет көрсетудің қағидалары турасында өрбіді.

– Жазира Жақсылыққызы, сіз басқарып отырған басқарма әлеуметтік көмекке мұқтаж адамдар маңдай тіреп баратын бірден-бір мекеме. Келушілер кейде басқарма құзырына кірмейтін мәселелерді алға тартып жататыны бар. Мұндайда қалай әрекет етесіздер?

– «Бұл біздің мәселе емес» деп келген адамды кері қайтарған жағдайлар кемдекем. Барынша мәселенің шешілу жолдарын қарастырып, құзырлы мекемелермен байланысып, қолдан келген көмекті жасап, жолын қарастырамыз.

– Әлеуметтік деңгейдің бірден-бір көрсеткіші әрине, халықтың жұмыспен қамтылуы. Облыстағы мекеме, кәсіпорындарда жұмыскерлердің жұмыс уақытының немесе штат кестесінің қысқаруы өзекті мәселе болып тұр. Басқарма тарапынан жүргізілетін күнделікті мониторинг қорытындысы қандай?

– Биылғы жылы 9750 жаңа жұмыс орындарын құру жоспарланса, I жартыжылдық қорытындысымен 5039 жаңа жұмыс орындары құрылды. Жыл басынан жұмыс іздеуші ретінде жұмыспен қамту органдарына 14111 адам хабарласса, 5342 адам жұмысқа орналастырылды.

Облыста 42 рет бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өткізіліп, оған қатысқан 2322 жұмыс іздеушінің 1096-на жұмыспен қамтудың белсенді түрлеріне жолдама берілді.

Облыста бүгінгі күнге 388 адам жұмыстан қысқартылса, 143 адам жалақысы сақталмайтын еңбек демалысына шыққан, жартылай жұмыс уақытымен (6 сағаттық) 609 адам қамтылып отыр. Жыл басынан бері жұмыстан қысқарған 48 адам тұрақты жұмысқа орналаса, 227 адам жалақысы сақталмайтын еңбек демалысынан жұмыстарына қайта қосылды.

Қазіргі таңда облыста қызметкерлерді жұмыстан босату қаупінің және ашылатын жаңа жұмыс орындарының картасы әзірленді. Мұнда жұмыстан қысқаратын азаматтарды мамандықтарына, біліктіліктеріне сәйкес жұмыс орындары белгіленді.

Наурыз айында жұмыссыздық деңгейінің өсуіне жол бермеу мақсатында 2015 жылға арналған Халықты жұмыспен қамту кешенді жоспары бекітілді. Кешенді жоспар аясында облыс бойынша 23386 адамды жұмыспен қамту жоспарланып отыр. 1 шілдедегі жағдай бойынша мемлекеттік, салалық және өңірлерді дамыту бағдарламалары шеңберінде мемлекеттік қолдау шараларымен 16034 адам қамтылды.

Әлеуметтік жұмыс орындарына – 364, жастар тәжірибесіне – 449, қоғамдық жұмыстарға – 4688, қайта даярлау курстарына 330 адам жолданды. 165 адамға 349,3 млн теңге шағын несие берілді. 6262 адам жұмыспен қамтылды.

– «Жұмыспен қамту – 2020 Жол картасы» бағдарламасы біршама мәселенің оңтайлы шешілуіне жол ашты. Бағдарламаның биылғы беталысы қандай?

– Аталған бағдарламаны жүзеге асыруға 1877,9 млн теңге қаралып отыр. Бағдарламаның бірінші бағыты – инфрақұрылымдар мен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз ету бойынша қазіргі кезеңде 15 жоба басталып, 164 жұмыс орны құрылды, соның ішінде жұмыспен қамту орталықтары арқылы 95 адам еңбекке тартылды.

Бағдарламаның екінші бағыты – кәсіпкерлік бастаманы ынталандыру және тірек ауылдарды кешенді дамыту бойынша бағдарламаға қатысушылар 239,4 млн теңгеге несиелендіріліп, соның ішінде 69 адам өз кәсібін ашты. Қайтарылған қаржының есебінен 50 адам 109,9 млн теңгеге несиелендірілді, соның ішінде 30 адам өз кәсібін ашты. 231 жаңа жұмыс орны құрылды. Бағдарлама үшінші бағыты – жұмыс берушінің қажеттілігі шеңберінде оқыту және қоныс аудару арқылы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу бойынша әлеуметтік жұмыс орындарына – 135 мекеме, кәсіпорындарға 336 адам жолданып, 141 адам тұрақты жұмыспен қамтылды.

Былтырдан бері жұмысын жалғастырған 87 адамның 34-і жұмыс мерзімін аяқтап, 9 адам тұрақты жұмысқа орналасты. 292 мекеме-кәсіпорындарға жастар тәжірибесіне жолданған 449 жас маманның 302-сі тұрақты жұмыспен қамтылған.

– Биылғы жылдың маңызды құжаттарының бірі – Елбасының «100 нақты қадам» деп аталатын Ұлт жоспары. Елбасы ұсынған 100 қадамның 84 қадамы тағы да әлеуметтік саланың мәселесін шешуге арналды. Ұлт жоспарында көрініс тапқан міндеттер қалай жүзеге асуда?

– Жаңа құжат әлеуметтік көмекті, оның атаулы сипатын күшейте отырып, оңтайландыруды айқындады. Әлеуметтік көмек тек оған шынымен зәру азаматтарға ғана берілетін болады. Кірісі төмен еңбекке қабілетті азаматтарға мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек тек олардың еңбекке ықпал ету және әлеуметтік бейімдеу бағдарламаларына белсенді қатысуы жағдайында ғана төленеді.

1 шілдеден бастап барлық өңірлерде пилоттық режимде әлеуметтік қызметтер мен көмек алушылар арасындағы әлеуметтік келісімшарт негізінде табысы аз қамтылған азаматтарға шартты ақшалай көмек көрсету жобасы енгізілді. Облыста бұл жоба Қызылорда қаласы мен Шиелі ауданында жүзеге асырылуда.

Жобаны іске асыру мақсатында қолданыстағы әлеуметтік көмек көрсетудің мөлшерін, санаттарын белгілеудің қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, әділет басқармасына тіркелді.

Жоба аясында 199 адамға (48 отбасы) шартты ақшалай көмек көрсетуге жергілікті бюджеттерден 5984,1 мың теңге қаражат бөлінді. Бүгінгі күнге облыс бойынша 56334 аз қамтамасыз етілген азаматқа әлеуметтік көмектер және жекелеген санаттағы әлеуметтік қолдауды қажет ететін 9582 адамға 564,2 млн теңгенің әлеуметтік төлемдері төленді.

– Сала құзырына кіретін қызметтің бірі – мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасын арттыру. Осы орайдағы жұмыстар жайында айтсаңыз...

– Бүгінгі күнге аймағымызда 27296 мүгедек бар. Олардың, өкінішке орай, 4289-ы балалар. Облыстық бюджет есебінен мүгедектерді кресло-арбалармен, таяқтармен, балдақтармен, тифло және сурдоқұралдармен, протезді-ортопедиялық көмек түрлерімен және санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету мақсатында 256,4 млн теңге бөлінді.

Басқармаға қарасты мемлекеттік медициналық - әлеуметтік мекемелерінде облыс бойынша барлығы 1697 адам арнаулы әлеуметтік қызметпен қамтылып отыр. Облысымызда мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалып жатқан жағдайлар аз емес. Дегенмен, жаны жаралы азаматтарымыздың мәселесін шешуге бүкіл қоғам болып атсалысуымыз қажет.

Осы мақсатта басқарма мүгедектерге кедергісіз орта қалыптастыру үшін кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп «Мүгедектерге арналған кедергісіз орта қалыптастыру» I облыстық форумын өткізді. Мәселені республика көлемінде қараса деген оймен форумға жергілікті атқарушы органдармен қатар, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінен жауапты мамандарды арнайы шақырып, қатыстырдық. Форум мүмкіндігі шектеулі жандарға өз мәселесін билік өкілдерінің алдында ашық айтуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан» Ұлттық арнасындағы «Айтуға оңай» бағдарламасының кезекті саны «Тағдыр сынына төтеп бергендер» деген тақырыпта біздің аймақтағы мүгедек жандардың жағдайына арналды. Бағдарлама барысында мүмкіндігі шектеулі жандар өздерінің айналысып жүрген кәсіптері туралы айтып, облыста мүгедектерге жасалып жатқан жағдайлар, олардың тыныс - тіршілігі туралы сюжеттер көрсетілді. Хабар соңында «Айтуға оңай» бағдарламасының жүргізушісі көрермендер атынан Сыр елінде мүмкіндігі шектеулі жандарға жасалып жатқан игі істерге шын жүректен ризашылығын білдірді. Мұның өзі жасап жүрген жұмыстарымыздың өзге облыстарға үлгі боларлықтай жағдайда екендігін көрсетіп, мерейімізді бір көтеріп тастады.

Елге қызмет көрсету бір бақыт болса, оның нәтижесін көру, көпшіліктің алғысын алу одан да зор бақыт. Сондықтан аймақ дамуына қосар үлесі мол әлеуметтік жұмыстар жалғасын таба беретін болады.

– Әңгімеңізге рахмет.

Сұхбаттасқан
Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

● ШАРА

ЗАҢСЫЗ ОЙЫН БИЗНЕСІН БОЛДЫРМАУ

бәріміз үшін тиімді

Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің экономикалық тергеу қызметі жүргізетін басым бағыттағы жұмыстардың бірі – заңсыз ойын бизнесінің алдын алуға байланысты болып отыр. Көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл басқармасы бұл саладағы криминогендік жағдайға тұрақты талдау жасап отырады.

Өткен жартыжылдықта экономикалық тергеу қызметі заңсыз ойын бизнесін ұйымдастыру фактілері бойынша 24 сотқа дейінгі өндіріс басталған болатын. Өндірісі аяқталған барлық істер сотқа жолданып, олардың 4-і бойынша сот шешімі шықты.

Заңсыз ойын бағытындағы 128 компьютер процессоры, 47 лотерея терминалы, ойыннан түскен 564 мың теңге айналымнан алынды. Кінәлі деп танылған адамдардың 276,9 мың теңге және 1,5 мың АҚШ доллары ақшалай қаражатын пайдалануға шектеу қойылды. Сонымен қатар, экономикалық тергеу қызметі ғимарат иелеріне (жалға берушілерге) ғимараттарын ақша табу жолындағы «онлайн-ойындар» ұйымдастыру мақсатында жалға берген жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылатыны туралы хабарлама таратылды. ҚР ҚПК 200-бабы негізінде ішкі істер органдары мен жергілікті басқару органдарына, учаскелік инспектордан осы хабарлама қағазын жолдау арқылы, жалға берілетін ғимарат иелеріне жазбаша ескерту жасауға тапсырма берілді.

Қазіргі кезде экономикалық тергеу қызметі мен ішкі істер органдары бірлесіп, осындай 24 хабарлама ғимаратын жалға беруші тұлғаларға табысталды.

Бұл шаралар алдағы уақытта белгіленген тізім негізінде жалға берген ғимараттардағы заңсыз онлайн-казино ұйымдастыру фактілері бойынша меншік иелерін жауапкершілікке тартуға мүмкіндік береді.

Осы бағыттағы жедел іздестіру шаралары негізінде лотерея терминалдарын қою түріндегі заңсыз ойындарды ұйымдастыруға қатысты тұлғалар анықталды. Олардың бірқатары өз еркімен лотерея терминалдарын қайтарған, бірқатары тәркіленген.

Қазіргі кезде сот компьютерлік-техникалық сараптамалар және аппараттық-бағдарламалық кешендерді тексеру мен басқа да қажетті тергеу шаралары жүргізілді.

Нұрдәулет ЕРГЕШОВ,
облыс бойынша МКД ӘТҚ
заңсыз кәсіпкерлікке қарсы іс-қимыл бойынша
бөлімінің басшысы.

«ҚЫЗЫЛОРДА» ЕСКЕРТКІШ МОНЕТАСЫ АЙНАЛЫМҒА ШЫҚТЫ

ҚР Ұлттық Банкі 2015 жылғы 7 тамыздан бастап номиналдық құны 50 теңгелік, нейзильбер қоспасынан «Дала қазынасы» монеталар сериясынан «Тайқазан», «Ғарыш» монеталар сериясынан «Буран», «Қазақстанның қалалары» монеталар сериясынан «Қызылорда» және «Орал» ескерткіш монеталарын, сондай-ақ үш мерейтойлық монетаны айналымға шығарды.

Солардың ішінен "Қызылорда" ескерткіш монетасына тоқтала кетсек, оның диаметрі – 23 мм, массасы – 4,71 грамм, таралымы – 50 мың дана. Ескерткіш монетаның бет жағында (аверсінде) орталық бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Сырт жағында (реверсінде) орталық бөлігінде Қызылорда қаласының гербі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ» деген жазу, монетаның соғылған жылын білдіретін «2014» деген сан және шығыңқы жиек жүргізілген. Жазу мен сан нүктелермен бөлінген.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады.

Дәурен ОМАРОВ.

ЖАСТАРДЫҢ ЕҢБЕК ЖАСАҒЫ

құрылысқа қарқын қосады

Облыстық ішкі саясат басқармасы және "Жастар ресурстық орталығы" КММ-ның ұйымдастыруымен халықаралық құрылысшылар күніне орай, «Арай» мөлтек ауданындағы құрылысы жүріп жатқан нысандар ауласында мерекелік шара өтті. Шара барысында облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Меңлібаев осындағы тұрғын үйлердің бой көтеруіне белсене атсалысқан бірқатар құрылысшыларды қәсіби мерекелерімен құттықтады.

– Шаһарымыздың шырайын ашатын ғимараттар салуда сіздердің еңбектеріңіз ерен. Әрбір нысанның уақытында әрі сапалы пайдалануға берілуі сіздердің жасап жатқан жұмыстарыңыздың жемісі деп білемін. "Жастар ресурстық орталығы" КММ жанынан "Жас құрылысшылар" еңбек жасағы құрылған болатын. Бүгінгі таңда жасақтың құрамындағы жастар да саланың алға өрлеуіне өз үлестерін қосып келеді, – деді Еркебұлан Меңлібаев.

Еңбек жасағының ықпалымен 281 жас маусымдық кезеңде жұмысқа жолданып, 35 жас жұмысқа тұрақты орналасты. Сондай-ақ, үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында облыс көлемінде 23 кәсіпорынға барлығы 210 жас жұмысқа жолданды.

Жас құрылысшылардың кәсіби біліктілігін арттыру мақсатында қыш өру және сылақ сылаудан сайыс өтті. Жарыс соңында жеңімпаздар ұйымдастырушылар тарапынан арнайы дипломдар мен бағалы сыйлықтарға ие болды. Сондай-ақ, құрылыс саласының алға өрлеуіне белсене атсалысқан кәсіпкерлер де марапатталды. Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ.

"ЖАЙДАРМАН" ФЕСТИВАЛІ

Жуырда «Сыр самалы» жағажай кешенінде «Жазғы кубок-2015» «жайдарманшылар» фестивалі болып өтті. Облыстық ішкі саясат басқармасының тапсырысына сәйкес облыстық Жастар одақтары және «Жастар ресурстық орталығының» ұйымдастыруымен өткен шарада жастар мен қала тұрғындары және қонақтары қатысты. Фестивальда өңірімізден шыққан республикаға танымал «Жайдарман» топтары өнер көрсетті.

Командалар екіге бөлініп өзара сайысты. «Жаңа қала», «Арал», «Жаңақорған», «Қармақшы жастар құрамасы» мен «Қоңырау» топтарының әзілдері көпшілік көңілінен шықты. Сонымен қатар шара барысында жағажайдағы тыныңушыларға арналып спорттық сайыс түрлерінен жарыс өтіп, жеңімпаздар марапатталды. Сондай-ақ, белсенді жастар да арнайы ойын түрлеріне атсалысып, өздерінің шеберліктерін көрсетті.

Сара АДАЙБАЕВА.

«ӘЛЕУМЕТТІК САҚТАНДЫРУ САЛАСЫНДАҒЫ АҚПАРАТТЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР»

Еліміздегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы мемлекет пен азаматтар арасындағы өзара тиімді ақпараттық байланысқа мүмкіндік берді, және www.egov.kzвеб-порталын құру (бұдан әрі – Электронды үкімет порталы) идеясын 2004 жылдың 19 наурызында дәстүрлі жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстан Республикасының Президенті, Ұлт Көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев айтқан болатын. Осы уақыт ішінде идеяның айтылуынан оның іске асырылуына дейін – Қазақстан Республикасында жобаның қалыптасуы мен дамуының төрт кезеңі өтті, және қазіргі таңда Қазақстанның кез келген азаматына Электронды үкімет порталы электронды түрдегі мемлекеттік қызметтер туралы әр түрлі және өзекті ақпараттарға қол жеткізуді қамтамасыз ететін электронды құжат айналысының кешенді жүйесін білдіреді. Қазіргі таңда Электронды үкімет порталында қолданылатын міндетті әлеуметтік сақтандыру саласындағы техникалық инновациялар коммуникациялық шығындарды едәуір төмендетті.

Қазақстандағы қолданыстағы міндетті әлеуметтік сақтандыру еңбек ету қабілетінен айырылған; асыраушысынан айырылған; жұмысынан айырылған; жүктілікке және босануға байланысты табысынан айырылған; жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға байланысты табысынан айырылған және бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайларда жұмыс істейтін халықты әлеуметтік қолдауды қамтамасыз етеді.

Әлеуметтік қамсыздандырудың осы түрін жүзеге асыру үшін 2003 жылы «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» ҚР Заңы қабылданды.

Алайда, еліміздің кейбір азаматтары құжаттар жинау, мемлекеттік органдардағы салғырттық кідірістер, кезек күту үшін уақытын жоғалту сияқты т.б. жұмыстардың орын алуынан әлі де сақтанады.

Расында да, осыдан аз уақыт бұрын «Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру» АҚ (бұдан әрі – МӘСҚ) әлеуметтік төлемдер алу үшін өтініш беруші жүгінген жағдайда 15 жұмыс күні ішінде алушының «қағаз» түріндегі істер макеті жасалатын.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушыларына әлеуметтік төлемдер тағайындау процесін автоматтандыру және көрсетілетін қызметтер аясын кеңейту үшін, 2005 жылы Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықта (бұдан әрі – ЗТМО) үнемі жетілдіріліп отыратын «Әлеуметтік сақтандыру» ақпараттық жүйесі әзірленіп енгізілді.

«Әлеуметтік сақтандыру» ақпараттық жүйесі қазіргі уақытта Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық құрылымдық бөлімшелері мен ЗТМО-ның облыстық және аудандық филиалдарының арасындағы әлеуметтік төлемдер тағайындау кезінде қолданылады. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық құрылымдық бөлімшелерінің арасындағы өзара қызмет ЗТМО бірыңғай деректер базасы арқылы жүзеге асырылады, бұл уақыт жоғалтуға байланысты шығындарды біршама қысқартты. «Әлеумет» АЖ қолдану әлеуметтік төлемдерді тағайындау үшін құжаттар қаралатын 15 күн мерзімді 8 жұмыс күніне дейін мерзімге қысқартты.

Қазіргі уақытта, әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы ақпараттық технологиялардың дамуымен, 2014 жылдан бастап азаматтар Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталық арқылы ғана емес, сонымен қатар халыққа қызмет көрсету орталықтары (ХҚО) арқылы да қызмет алу мүмкіндігіне ие болды. Сонымен бірге, Электронды үкімет порталы ХҚО бронь арқылы қызмет алу мүмкіндігін де ұсынып отыр, яғни бұрынғыдай кезек күтіп отырудың қажеттігі жоқ.

Электронды үкімет порталы арқылы мемлекеттік органдардың барлық ақпараттық ресурстарына қол жеткізудің бірыңғай орталығы құпиялылық шартын сақтай отырып, азаматтардың мемлекеттік органдармен тұрақты түрде өзара жұмысын қамтамасыз етеді.

Енгізілген жаңа онлайн-қызметтердің қолданыстағы тәжірибесі көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын, бірқатар қызметтерді ресімдеу жеделдігінің артқанын көрсетіп отыр.

Әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын одан әрі арттыру үшін, 2015 жылдың 17 наурызында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік-еңбек саласындағы көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру және автоматтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. Заңның аясында «Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына да өзгерістер енгізілді.

Жаңа өзгерістерге сәйкес әлеуметтік төлем тағайындау үшін өтініш беру процесі аса ыңғайлы болды. Сонымен қатар, азаматтардың мемлекеттік қызмет алуы кезіндегі уақыттары үнемделді.

2016 жылдың 1 қаңтарынан бастап азаматтар әлеуметтік төлемдердің екі түрін тағайындау үшін (жұмысынан айырылуына және бір жасқа толғанға дейінгі бала күтіміне) Электронды үкімет порталы арқылы өтініш бере алады. Әрине, бұл жұмыс істейтін аналар мен уақытша жұмыс істемейтін азаматтар үшін оң жаңалық болды.

Енді өтініш беруші жеке басын куәландыратын куәлігі болған жағдайда кез келген ХҚО ресімдеуге болатын электронды цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болған жағдайда Электронды үкімет порталы арқылы өтініш бере алады. ЭЦҚ электронды өтінішті және мемлекеттік органдардан және (немесе) ұйымдардың ақпараттық жүйелерінен келіп түскен мәліметтерді куәландыру үшін қажет. Осындай деректерді растағаннан кейін электронды өтініш және басқа да мәліметтер өтініш беруші азаматтың істері макетін қалыптастыру үшін «Әлеуметтік сақтандыру» АЖ жіберіледі.

Жалпы еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда, өтініш беруші, әлеуметтік төлем тағайындау үшін ЗТМО немесе ХҚО өтініш беруге құқылы, ал 2016 жылдың 1-қаңтарынан бастап, жалпы еңбек ету қабілетінен айырылу дәрежесі алғаш белгіленген жағдайда өтініш беруші мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру органдарына бармай-ақ тікелей медициналық-әлеуметтік сараптама (МӘС) жүргізетін өкілетті құрылымдық бөлімшеге өтініш жасай алады.

Бұдан былай міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің қатысушысына жұмыссыз ретінде тіркелгеннен кейін жұмысынан айырылуы жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін жұмыспен қамту орталығына өтініш беруіне болады.

Міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласына техникалық инновацияны енгізу, басқа да мемлекеттік ақпараттық жүйелермен біріктіру арқасында мүмкін болды. Мысалы, «Жұмыспен қамту проблемалары жөніндегі ақпараттық-талдау орталығы» АҚ («ЖҚП АТО») тиімді еңбек нарығын дамыту мақсатында жұмыс жасайды. ЖҚП АТО қызметкерлері халықтың экономикалық белсенділігінің арту қарқынына, сонымен қатар азаматтардың тұрақты және өнімді жұмыспен қамтылуына тұрақты түрде талдау жасап отырады. Жүзеге асырылған жобалардың ішінде азаматтарға жаңа жұмыс орнын іздеуге, ал жұмыс берушілерге қажетті мамандарды табуға көмек көрсететін «Жұмыс» порталының әлеуметтік мәні зор екенін ерекше атап өтуге болады.

Жинақталған тәжірибелерден әлеуметтік қамсыздандырудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар саласындағы инновациялық технологиялар халықтың мемлекеттік органдармен өз ара тығыз байланысын жеңілдетуге мүмкіндік берді.

Бұл жаңғыртудың басты идеясы мемлекеттік қызмет көрсетуде ашықтық пен жан-жақтылықты, мемлекеттен кепілдендірілген әлеуметтік қолдауды алуда өтініш берушінің баратын мемлекеттік органдарының санын азайтуды қамтамасыз ету болып табылады. Бұл үрдістерді оңтайландыру мемлекеттік қызметшілердің жұмысының тиімділігін арттырып сыбайлас жемқорлықтың алдын алуда пайдасын тигізді.

Елдегі халықты әлеуметтік қорғау саласындағы, оның ішінде міндетті әлеуметтік сақтандырудағы инновациялық технологиялар біздің азаматтарымыздың қазіргі заманғы қажеттіліктерге бейімделген және әлеуметтік сақтандыру саласындағы коммуникациялық технологияларға жаңа инновацияларды енгізу және олардың жаңаруына қарай қолданыстағы ақпараттық жүйені одан әрі жетілдіру жалғастырылуда.

Егер БҰҰ «Электронды үкіметтің даму индексі» бүкіләлемдік рейтингінде Қазақстан Республикасы 2005 жылы 68-орында болса, қазірде «Қазақстан-2050» даму стратегиясының бастауымен 2014 жылы 28-орынға көтерілді. Әрине, бұдан әрі де әлеуметтік сақтандыру саласы басым бағыттардың бірі болып қала бермек және оның одан әрі дамуы қоғам дамуының, елдің бәсекеге қабілеттілігінің және азаматтардың өмір сүру сапасы мен игілігінің тұрақтылығын арттыруға бағытталған.

Рүстем Назымбекұлы ХАМЗИН,
«Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры»
АҚ Президенті.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 10 шілдедегі №83 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 31.07.2015 жылы № 5082 тіркелген

Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

4) «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

5) «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі Қ. КӨШЕРБАЕВ.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «10» шілдедегі №83 қаулысымен бекітілген

«МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУДІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТІРКЕУДІ ЖҮРГІЗУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі – «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11183 болып тіркелген) бекітілген «Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша миссионерді тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (бұдан әрі - куәлік) немесе стандарттың 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі - бас тарту).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 2-қосымшасына сәйкес өтініш ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

көрсетілетін қызметті алушы паспортының немесе жеке куәлігінің көшірмесі;

діни бірлестік атынан миссионерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы бар діни бірлестік берген құжат;

куәлік көшірмесі немесе мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамалар және миссионер өкілі болып табылатын діни бірлестіктің жарғысының көшірмесі;

миссионерлік қызметке арналған діни әдебиет, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдар, діни мақсаттағы заттар;

шетелдіктер мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасында миссионер ретінде тіркелу үшін қосымша мынадай құжаттарды ұсынады:

миссионер өкілдік етіп отырған діни бірлестіктің шет мемлекеттің заңнамасы бойынша ресми тіркелгенін куәландыратын заңдастырылған немесе апостиль қойылған құжат;

Қазақстан Республикасында тіркелген діни бірлестіктің шақыру құжаты;

шет тіліндегі құжаттар қазақ және орыс тілдеріне аудармасының дұрыстығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған және аударманы жүзеге асырған аудармашының қолының түпнұсқалығы Қазақстан Республикасында нотариалды куәландырылған түрінде ұсынылады;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) құжаттардың қабылданған күні, уақыты және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді (бұдан әрі - өтініш көшірмесі) және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (отыз минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды, куәлікті немесе ұсынылған құжаттар стандарттың 10-тармағында көзделген негіздерге сәйкес келген жағдайда бас тартуды әзірлейді және куәлікті немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма сегіз күнтізбелік күн ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы куәлікке немесе бас тартуға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері куәлікті немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (отыз минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) орындаушы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

КЕЛЕСІ РӘСІМДІ (ІС-ҚИМЫЛДЫ) ОРЫНДАУДЫ БАСТАУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША РӘСІМ (ІС-ҚИМЫЛ) НӘТИЖЕСІНІҢ (РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП) СИПАТТАМАСЫ

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Орындаушы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне өтініштің көшірмесін береді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды, куәлікті немесе бас тартуды әзірлейді	куәлікке немесе бас тартуға қол қояды	куәлікті немесе бас тартуды тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	орындаушыға жолдайды	куәлікті немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	куәлікті немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды	28 күнтізбелік күн ішінде	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды

«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ӘРБІР РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) ҰЗАҚТЫҒЫ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР) АРАСЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР (ІС-ҚИМЫЛДАР) РЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



«Миссионерлік қызметті жүзеге асыратын тұлғаларды тіркеуді және қайта тіркеуді жүргізу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«МИССИОНЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ТҰЛҒАЛАРДЫ ТІРКЕУДІ ЖӘНЕ ҚАЙТА ТІРКЕУДІ ЖҮРГІЗУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «10» шілдедегі №83 қаулысымен бекітілген

«ДІНИ ІС–ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІНЕН (ҒИМАРАТТАРЫНАН) ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА КЕЛІСУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі) (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы келісу-хат (бұдан әрі - келісім-хат) не «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі №147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11183 болып тіркелген) бекітілген «Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі - бас тарту).

4. Мемлекеттік қызмет заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың қосымшасына сәйкес өтініш ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оны орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

оны пайдаланатын, тіркелген діни бірлестіктің басшысы қол қойған, не болмаса көрсетілетін объектілерде келушілерге жеке дұға етуге арналған үй-жайлар ашу қарастырылған ғимараттың, халық көп келетін объектінің (сауда объектілері, теміржол және автовокзалдары, әуежайлар, порттар) басшысы қол қойған еркін нысандағы анықтама-негіздеме;

анықтама-негіздемеде: діни шаралар өткізуге арналған үй-жайды анықтаудағы (орналастырудағы) мақсаты, аталған аумақта діни қажеттілігін қанағаттандыруға мұқтаж келушілер саны, үш жүз метр қашықтықта рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, білім беру ұйымдары жоқ екендігі көрсетіледі;

жылжымайтын мүліктің құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі және (немесе) жер учаскесіне нотариалды куәландырылған сәйкестендіру құжатының көшірмесі, не салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады;

діни іс-шаралар өткізуге арналған үй-жайлар орналасқан аумақта әрекет ететін жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) немесе үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналыстарының діни іс-шаралар өткізуге (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) тұрғын үйлер болған жағдайда ұсынылады) келісетіні туралы шешімінің көшірмесі;

жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиыны) немесе кондоминиум объектісінің органы болмаған жағдайда жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның аталған үй-жайда діни іс-шаралар өткізуге келісетіні туралы хаты ұсынылады (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) жеке тұлғаның тұрғын үйі, заңды тұлғаның үй-жайы болған жағдайда ұсынылады);

меншік иесінің үй-жайды діни іс-шараларды өткізу үшін пайдалануға келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты-жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) құжаттардың қабылданған күні мен уақыты және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін береді (бұдан әрі - өтініш көшірмесі) және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (отыз минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды, келісім-хатты немесе ұсынылған құжаттар стандарттың 10-тармағында көзделген негіздерге сәйкес келген жағдайда бас тартуды дайындайды және келісім-хатты немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма сегіз күнтізбелік күн ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы келісім-хатқа немесе бас тартуға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері келісім-хатты немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (отыз минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) орындаушы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

КЕЛЕСІ РӘСІМДІ (ІС-ҚИМЫЛДЫ) ОРЫНДАУДЫ БАСТАУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША РӘСІМ (ІС-ҚИМЫЛ) НӘТИЖЕСІНІҢ (РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП) СИПАТТАМАСЫ

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	6
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Орындаушы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне өтініштің көшірмесін береді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды және келісім-хатты немесе бас тартуды дайындайды	келісім-хатқа немесе бас тартуға қол қояды	келісім-хатты немесе бас тартуды тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	орындаушыға жолдайды	келісім-хатты немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	келісім-хатты немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды	28 күнтізбелік күн ішінде	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды

«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ӘРБІР РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) ҰЗАҚТЫҒЫ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР) АРАСЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР (ІС-ҚИМЫЛДАР) РЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



«Діни іс-шараларды өткізуге арналған үй-жайларды ғибадат үйлерінен (ғимараттарынан) тыс жерлерде орналастыруға келісу туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«ДІНИ ІС-ШАРАЛАРДЫ ӨТКІЗУГЕ АРНАЛҒАН ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫ ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІНЕН (ҒИМАРАТТАРЫНАН) ТЫС ЖЕРЛЕРДЕ ОРНАЛАСТЫРУҒА КЕЛІСУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «10» шілдедегі №83 қаулысымен бекітілген

ДІНИ ӘДЕБИЕТТІ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ, ДІНИ МАҚСАТТАҒЫ ЗАТТАРДЫ ТАРАТУ ҮШІН АРНАЙЫ ТҰРАҚТЫ ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналастырылуын бекіту туралы шешім (бұдан әрі - шешім).

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11183 болып тіркелген) бекітілген «Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) қосымшасына сәйкес өтініш ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін салыстырып тексеру мақсатында құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

көрсетілетін қызметті алушы қол қойған діни әдебиетті, діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасуы туралы еркін нысандағы негіздеме-анықтама (сауда, қосалқы, әкімшілік-шаруашылық үй-жайлардың бар-жоғы, саны, сондай-ақ, үй-жайдың пайдалану мақсаты діни әдебиеттерді, діни мазмұндағы өзге де ақпаратты, діни мақсаттағы заттарды қабылдауға, сақтауға және сатылымға қоюға әзірлеуге арналғандығы; үй-жайды салу мақсаты; үй-жай орналасқан үйлерден (ғимараттан) үш жүз метр қашықтықта рухани (діни) білім беру ұйымдарын қоспағанда, мемлекеттік органдар мен мемлекеттік мекемелер ғимараттары, білім беру ұйымдары ғимараттары жоқ екендігі көрсетілген);

жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының көшірмесімен қоса, құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі және жер учаскесінің сәйкестендіру құжатының көшірмесі, нотариалды куәландырылған не салыстырып тексеру үшін құжаттардың түпнұсқалары ұсынылады;

меншік иесінің үй-жайды діни әдебиеттерді және діни мазмұндағы өзге ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін пайдалануға рұқсат етуге келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты - жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) құжаттардың қабылданған күні, уақыты және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін (бұдан әрі - өтініш көшірмесі) береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (отыз минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды, шешімді әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма сегіз күнтізбелік күн ішінде);

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімге қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері шешімді тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (отыз минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

4) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

6) орындаушы.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

КЕЛЕСІ РӘСІМДІ (ІС-ҚИМЫЛДЫ) ОРЫНДАУДЫ БАСТАУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША РӘСІМ (ІС-ҚИМЫЛ) НӘТИЖЕСІНІҢ (РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП) СИПАТТАМАСЫ

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Орындаушы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне өтініштің көшірмесін береді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды және шешімді әзірлейді	шешімге қол қояды	шешімді тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	құжаттарды орындаушыға жолдайды	шешімді көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	шешімді көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	шешімді көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды	28 күнтізбелік күн ішінде	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды

«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ӘРБІР РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) ҰЗАҚТЫҒЫ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР) АРАСЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР (ІС-ҚИМЫЛДАР) РЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



«Діни әдебиетті және діни мазмұндағы өзге де ақпараттық материалдарды, діни мақсаттағы заттарды тарату үшін арнайы тұрақты үй-жайлардың орналасатын жерін бекіту туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«ДІНИ ӘДЕБИЕТТІ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ӨЗГЕ ДЕ АҚПАРАТТЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫ, ДІНИ МАҚСАТТАҒЫ ЗАТТАРДЫ ТАРАТУ ҮШІН АРНАЙЫ ТҰРАҚТЫ ҮЙ-ЖАЙЛАРДЫҢ ОРНАЛАСТЫРЫЛУЫН БЕКІТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «10» шілдедегі №83 қаулысымен бекітілген

«ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІН (ҒИМАРАТТАРЫН) САЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - басқарма) келісімі бойынша «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу, олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім (бұдан әрі - шешім) немесе «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11183 болып тіркелген) бекітілген «Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі – бас тарту).

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлердің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың қосымшасына сәйкес өтініш ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес берілген нысан бойынша өтініш;

жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін салыстырып тексеру мақсатында құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

тіркелген діни бірлестіктің басшысы қол қойған ғибадат үйін (ғимаратын) салу туралы еркін нысандағы анықтама-негіздеме (ғибадат үйінің (ғимаратының) және ол тиесілі болатын діни бірлестік атауы, құрылыстың мақсаттары, аталған аумақта діни қажеттіліктерін қанағаттандыруға мұқтаж келушілер саны, ғибадат үйінде (ғимаратында) қызмет ететін діни қызметкерлерге үміткерлер көрсетілген);

ғибадат үйін (ғимаратын) салу жоспарланып отырған аумақта жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) немесе үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналыстарының ғибадат үйін (ғиматартын) салуға (жақын маңда ғибадат үйі (ғимараты) аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) тұрғын үйлер болған жағдайда ұсынылады,) келісетіні туралы шешімінің көшірмесі;

жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиыны) немесе кондоминиум объектісінің органы болмаған жағдайда жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның ғибадат үйіне немесе ғимаратына қайта бейіндеуге келісімі туралы хаты ұсынылады (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) жеке тұлғаның үйі, заңды тұлғаның үй-жайы болған жағдайда ұсынылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты - жөні, әкесінің аты (болған жағдайда) құжаттардың қабылданған күні, уақыты және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін (бұдан әрі – өтініш көшірмесі) береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (отыз минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);

5) басқарма құжаттарды қарайды, келіседі немесе құжаттар стандарттың 10-тармағында көзделген негіздерге сәйкес келген жағдайда, келісуден бас тартады және келісімді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауапты (бұдан әрі – дәлелденген бас тарту) көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (он төрт күнтізбелік күн ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және орындаушыға ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

7) орындаушы құжаттарды қарайды, шешімнің жобасын немесе бас тартуды әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бес күнтізбелік күн ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімге немесе бас тартуға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

9) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері шешімді немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (отыз минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші мен құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті беруші мен құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

7) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

8) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

9) орындаушы;

10) баскарма.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

КЕЛЕСІ РӘСІМДІ (ІС-ҚИМЫЛДЫ) ОРЫНДАУДЫ БАСТАУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША РӘСІМ (ІС-ҚИМЫЛ) НӘТИЖЕСІНІҢ (РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП) СИПАТТАМАСЫ

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Орындаушы	Баскарма	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Орындаушы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне өтініштің көшірмесін береді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды	келіседі немесе келісуден бас тартады	құжаттарды тіркейді	шешімнің жобасын немесе бас тартуды дайындайды	шешімге немесе бас тартуға қол қояды	шешімді немесе бас тартуды тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	орындаушыға жолдайды	құжаттарды басқармаға жолдайды	келісімді немесе дәлелденген бас тартуды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды	құжаттарды орындаушыға ұсынады	шешім жобасын немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды	2 жұмыс күні ішінде	14 күнтізбелік күн ішінде	20 минуттан аспайды	5 күнтізбелік күн ішінде	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды

«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ӘРБІР РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) ҰЗАҚТЫҒЫ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР) АРАСЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР (ІС-ҚИМЫЛДАР) РЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



«Ғибадат үйлерін (ғимараттарын) салу және олардың орналасатын жерін айқындау туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІН (ҒИМАРАТТАРЫН) САЛУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ОРНАЛАСАТЫН ЖЕРІН АЙҚЫНДАУ ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ



Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы «10» шілдедегі №83 қаулысымен бекітілген

«ҮЙЛЕРДІ (ҒИМАРАТТАРДЫ) ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІ (ҒИМАРАТТАРЫ) ЕТІП ҚАЙТА БЕЙІНДЕУ (ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МАҚСАТЫН ӨЗГЕРТУ) ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТ РЕГЛАМЕНТІ

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі - басқарма) келісімі бойынша «Қызылорда облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны: қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі - үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім (бұдан әрі - шешім) немесе «Діни қызмет саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 147 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №11183 болып тіркелген) бекітілген «Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 10-тармағында көзделген жағдайда және негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауап (бұдан әрі - бас тарту).

4. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (не сенімхат бойынша оның өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынуы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, оларды орындаудың ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес келесі құжаттарды ұсынады:

стандарттың қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш;

жеке тұлғалар үшін – жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі немесе заңды тұлғалар үшін салыстырып тексеру мақсатында құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсына отырып – діни бірлестікті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің немесе анықтаманың көшірмесі;

жылжымайтын мүліктің техникалық паспортының көшірмесімен қоса, құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі және жер учаскесінің сәйкестендіру құжатының көшірмесі, нотариалды куәландырылған не салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары ұсынылады;

жылжымайтын мүлік нысанына ауыртпалықтардың жоқ екендігі туралы анықтама;

меншік иесінің үйді (ғимаратты) ғибадат үйі (ғимараты) етіп қайта бейіндеуге келісуі туралы хаты (ғимарат жалға алынған жағдайда ұсынылады);

тіркелген діни бірлестіктің басшысы қол қойған ғибадат үйін (ғимаратын) салу туралы еркін нысандағы негіздеме (ғибадат үйінің (ғимаратының) атауы және ол тиесілі болатын діни бірлестік, құрылыстың мақсаттары, аталған аумақта діни қажеттілігін қанағаттандыруға мұқтаж, келушілер саны, ғибадат үйінде (ғимаратында) қызмет ететін діни қызметкерлерге үміткерлер көрсетілген);

үйлерді (ғимараттарды) қайта бейіндеу жоспарланып отырған аумақта әрекет ететін жергілікті қоғамдастық жиналысының (жиынының) немесе үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері жиналысының ғибадат үйін (ғимаратына) қайта бейіндеуге (жақын маңда ғибадат үйі (ғимараты) аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) тұрғын үйлер болған жағдайда ұсынылады) келісетіні туралы шешімінің көшірмесі;

жергілікті қоғамдастық жиналысы (жиыны) немесе кондоминиум объектісінің органы болмаған жағдайда жеке тұлғаның немесе заңды тұлғаның ғибадат үйіне немесе ғимаратына қайта бейіндеуге келісімі туралы хаты ұсынылады (үй-жай орналасқан ғимараттың аумағымен шектесетін (сонымен қатар, шекара аралығында сервитут, автомобиль жолы өтетін болса) жеке тұлғаның үйі, заңды тұлғаның үй-жайы болған жағдайда ұсынылады);

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне құжаттарды қабылдап алған тұлғаның тегі, аты - жөні, әкесінің аты (болған жағдайда)

құжаттардың қабылданған күні, уақыты және кіріс құжаттардың нөмірі көрсетіліп, көрсетілетін қызметті

берушінің мөртаңбасы қойылған көрсетілетін қызметті алушы өтінішінің көшірмесін (бұдан әрі – өтініш көшірмесі) береді және құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды);

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және орындаушыға жолдайды (отыз минуттан аспайды);

4) орындаушы құжаттарды қарайды және басқармаға жолдайды (екі жұмыс күні ішінде);

5) басқарма құжаттарды қарайды, келіседі немесе құжаттар стандарттың 10-тармағында көзделген негіздерге сәйкес келген жағдайда, келісуден бас тартады және келісімді немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелденген жауапты (бұдан әрі – дәлелденген бас тарту) көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды (он төрт күнтізбелік күн ішінде);

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және орындаушыға ұсынады (жиырма минуттан аспайды);

7) орындаушы құжаттарды қарайды, шешімнің жобасын немесе бас тартуды әзірлейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бес күнтізбелік күн ішінде);

8) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы шешімге немесе бас тартуға қол қояды және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды (отыз минуттан аспайды);

9) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері шешімді немесе бас тартуды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді (отыз минуттан аспайды).

Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесінің (рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі және оның басқа құрылымдық бөлімшеге берілу тәртібі көрсетіле отырып) сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті беруші мен құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) өзара іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті беруші мен құрылымдық бөлімшелердің (қызметкерлердің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызмет берушінің басшысы;

3) орындаушы;

4) басқарма.

8. Әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) ұзақтығы көрсетіле отырып, құрылымдық бөлімшелер (қызметкерлер) арасындағы рәсімдер (іс-қимылдар) реттілігінің сипаттамасы осы регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде рәсімдердің (іс-қимылдардың) реттілігі, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының толық сипаттамасы осы регламенттің 3-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

«Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 1-қосымша

КЕЛЕСІ РӘСІМДІ (ІС-ҚИМЫЛДЫ) ОРЫНДАУДЫ БАСТАУ ҮШІН НЕГІЗ БОЛАТЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ КӨРСЕТУ БОЙЫНША РӘСІМ (ІС-ҚИМЫЛ) НӘТИЖЕСІНІҢ (РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) НӘТИЖЕСІ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚА ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕГЕ БЕРІЛУ ТӘРТІБІ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП) СИПАТТАМАСЫ

1	Рәсімнің (іс-қимылдың) нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8
2	Құрылымдық бөлімшелердің атауы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Орындаушы	Баскарма	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері	Орындаушы	Көрсетілетін қызметті берушінің басшысы	Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері
3	Рәсімнің (іс-қимылдың) атауы және олардың сипаттамасы	құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне өтініштің көшірмесін береді	құжаттарды қарайды	құжаттарды қарайды	келіседі немесе келісуден бас тартады	құжаттарды тіркейді	шешімнің жобасын немесе бас тартуды дайындайды	шешімге немесе бас тартуға қол қояды	шешімді немесе бас тартуды тіркейді
4	Келесі рәсімді (іс-қимылды) орындауды бастау үшін негіз болатын мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсім (іс-қимыл) нәтижесі	құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	орындаушыға жолдайды	құжаттарды басқармаға жолдайды	келісімді немесе дәлелденген бас тартуды көрсетілетін қызметті берушіге жолдайды	құжаттарды орындаушыға ұсынады	шешім жобасын немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады	шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкеріне жолдайды	шешімді немесе бас тартуды көрсетілетін қызметті алушыға не оның өкіліне береді
5	Орындалу мерзімі	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды	2 жұмыс күні ішінде	14 күнтізбелік күн ішінде	20 минуттан аспайды	5 күнтізбелік күн ішінде	30 минуттан аспайды	30 минуттан аспайды

«Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

ӘРБІР РӘСІМНІҢ (ІС-ҚИМЫЛДЫҢ) ҰЗАҚТЫҒЫ КӨРСЕТІЛЕ ОТЫРЫП, ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМШЕЛЕР (ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР) АРАСЫНДАҒЫ РӘСІМДЕР (ІС-ҚИМЫЛДАР) РЕТТІЛІГІНІҢ СИПАТТАМАСЫ



«Үйлерді (ғимараттарды) ғибадат үйлері (ғимараттары) етіп қайта бейіндеу (функционалдық мақсатын өзгерту) туралы шешім беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 3-қосымша

«ҮЙЛЕРДІ (ҒИМАРАТТАРДЫ) ҒИБАДАТ ҮЙЛЕРІ (ҒИМАРАТТАРЫ) ЕТІП ҚАЙТА БЕЙІНДЕУ (ФУНКЦИОНАЛДЫҚ МАҚСАТЫН ӨЗГЕРТУ) ТУРАЛЫ ШЕШІМ БЕРУ» МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУДІҢ БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРІНІҢ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ШЕШІМІ

«10» шілде 2015 ж. 38 сессия №278 Қызылорда қаласы

2014 жылға арналған облыстық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есепті бекіту туралы

Қызылорда облыстық мәслихатының
2015 жылғы 10 шілдедегі № 278 шешіміне
2-қосымша

2014 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ОБЛЫСТЫҚ БЮДЖЕТ ТҮСІМДЕРІ БОЙЫНША АТҚАРЫЛУЫ ЖӘНЕ ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ТАЛДАМАЛЫҚ ЕСЕП

1.Түсімдер

2014 жылы түзетілген облыстық бюджеттің кірістер болжамы (қарыздардың түсімі мен несиені өтеуді есепке алғанда) барлығы 176163518,8 мың теңге, 176957156,4 мың теңгеге немесе 100,5 % орындалды, 793637,6 мың теңге болжамнан артық түсті.

2014 жылғы бюджеттің атқарылуы барысында облыстық бюджеттің өз кірістерінің нақтыланған болжамы 31262193 мың теңге 32048669,6 мың теңгеге немесе 102,5% орындалып, 786476,6 мың теңге артық түсті. Оның ішінде салықтық түсімдердің жоспары 29874952,3 мың теңге 30007014,9 мың теңгеге немесе 100,4 %, салықтық емес түсімдердің болжамы 1384478,7 мың теңге 2037006,3 мың теңгеге немесе 147,1 %, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер жоспары 2762 мың теңге 4648,4 мың теңгеге немесе 168,3% орындалды.

Бюджеттің кіріс бөлігінің жоспардан артық орындалуы негізінен салықтық түсімдерден 132062,6 мың теңгенің артық түсуінен қалыптасты, салықтық емес түсімдерден – 652527,6 мың теңгеге, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 1886,4 мың теңге.

Мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындардың таза кірістері бойынша болжам 16932,5 мың теңге толығымен 99,6 % орындалып облыстық бюджетке түсті, орындалмағаны 67,5 мың теңге.

Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалға алудан түсетін кірістер болжамы 18000 мың теңге 20511,2 мың теңгеге (114%) орындалып, 2511,2 мың теңге артық түсім кірістелді. Мемлекеттік тұрғын үй емес жайлардың жалға беру көлемі артты, 5,6 мың шаршы метр жалға берілді және олар бойынша 130 келісім шарттар жасалды.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 101-бабы 7-тармағына сәйкес облыстық бюджеттің уақытша бос қаражатын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарына (депозиттеріне) (жылдық сыйақы (мүдделер) ставкасы 0,25%) орналастыру жөніндегі жұмыстар жүргізіліп, соның нәтижесінде облыстық бюджеттің кірісіне 12041,7 мың теңге түсті немесе жоспар 89,6 % орындалды.

Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттердің сыйақылары бойынша 157135 мың теңге түсім түскен немесе 99,7 % орындалды, 415 мың теңге кем түсім кірістелді, оның ішінде 313,4 мың теңге жергілікті бюджеттен әлеуметтік –кәсіпкерлік корпорацияларға және 101,6 мың теңге несиелер бойынша салымшы банктерден кем түсті.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің қызмет көрсетуден түсетін түсімдер 47 мың теңгеге (13,2 %) орындалып, 309 мың теңге кем түсті.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен ұйымдастырылатын мемлекеттік сатып алуларды өткізуден түсетін қаржының түсімі 2709,7 мың теңгені (149,2%) құрады, 893,7 мың теңге артық түскен, бұл негізінен мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру мен өткізу кезінде жасалған келісім шарт талаптарын бұзғаны үшін салынған айыппұлдар есебінен қалыптасып отыр.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер тарапынан салынатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулардың нақтыланған болжамы 713821 мың теңге 641823,8 мың теңгеге немесе 89,9 % орындалды, 71997,2 мың теңге кем түсті. 82935,3 мың теңгесі кем түсті өзге де органдар салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар есебінен қалыптасты.

Жергілікті бюджеттен бұрын алынған және пайдаланылмай қалған бюджет қаражаттарын қайтару жоспары 39302,7 мың теңге 56426 мың теңгеге (143,6 %) орындалды, облыстық бюджетке артық 17123,3 мың теңге түсті.

Жергілікті бюджетке түсетін басқа да салықтық емес түсімдер жоспары 362295,6 мың теңге 292622,8 мың теңгеге немесе 80,8% орындалды, 69672,8 мың теңге Қазақстан Республикасының Біріңғай бюджеттік сыныптамасына өзгеріс енгізіліп аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына жер қойнауын пайдаланушылардан түсімдер кодының жеке болуына байланысты.

2014 жылы аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардан барлығы 820930,6 мың теңге түсті.

Жануарларды сәйкестендіру үшін ветеринариялық паспорттың, жапсырмалардың (чиптердің) құнын қайтару жоспары 60892,4 мың теңге 11686,8 мың теңгеге (22,9 %) орындалды, 49205,6 мың теңге облыстық бюджетке Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 13 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңына өзгерістер енгізіліп (2014 жылғы 17 қаңтардағы 35 бап, 20 тармақ, 6 тармақшасына өзгеріс) жануарларды сәйкестендіру үшін бюджетке төленетін төлемдердің жойылуына байланысты кем түсті.

Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің иелігіндегі мүліктерін жеке тұлғаларға сатудан түсетін түсімдер жоспары 2762 мың теңге 4648,4 мың теңгеге немесе 168,3 % орындалды, 1886,4 мың теңге коммуналдық меншіктегі автокөліктерді жеке адамдарға аукцион арқылы сатудан артық түскен. Аукциондар қорытындысы бойынша 18 автокөлік бірлігі сатылды.

2014 жылы аудандар мен қала бюджеттерімен пайдаланылмай қалған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің жоспарланған қаржысы 475191,9 мың теңге облыстық бюджет кірісіне толығымен түсті.

2014 жылы облыстық бюджет кірісіне облыстың тексеру комиссиясының тексеру қорытындысымен анықталған барлығы 30014,3 мың теңге (100%) мақсатқа сай пайдаланылмаған нысаналы трансферттер қайтарылды, оның ішінде Қызылорда қаласы бойынша 30000 мың теңге, Қазалы ауданы бойынша 14,3 мың теңге.

Ысырапты өтеуге төмендегі бюджеттерден берілетін трансферттердің облыстық бюджеттің кірісінде жоспарланған 53702 мың теңгесі толық көлемде түсті.

Республикалық бюджеттен түсетін трансферттердің 138079332,3 мың теңгесі немесе 100,0 % алынды, оның ішінде субвенция көлемі 83978668 мың теңгені, ағымдағы нысаналы трансферттер 32282648,3 мың теңгені және нысаналы даму трансферттер 21818016 мың теңгені құрады.

Аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) жергілікті атқарушы органдарына облыстық бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу жоспары 747031 мың теңгеге (100%) орындалды, тұрғын-үй салуға және сатып алуға республикалық бюджеттен берілген 590584 мың теңге және мамандарды әлеуметтік қолдау шараларына іске асыру үшін жергілікті атқарушы органдарға берілген 153671 мың теңге бюджеттік кредиттер төмен тұрған бюджеттерден қайтарылды, Жалағаш ауданының бюджетіне жерді суландыру және дренаж жүйелерін жетілдіруге берілген кредиттерді қайтару 2776 мың теңгені құрады.

Жергілікті бюджеттен банк салымшыларға берілген бюджет несиелерін өтеу 7160 мың теңгені құрады.

Жергілікті бюджеттен қарыз алушы банктерге берілген бюджеттік кредиттер өтеу 57606,5 мың теңгені құрады (100 %).

Облыстық бюджеттен мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін берілген кредиттер бойынша аудан бюджетінен (облыстық маңызы бар қалалардың) пайдаланылмаған бюджеттік кредиттер 639,4 мың теңгені (100%) құрады.

Республикалық бюджеттен барлығы 5515416 мың теңге қарыз алынды, оның ішінде тұрғын үй құрылысын салуға немесе сатып алудан 2000000 мың теңге, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасы шеңберінде ауылда кәсіпкерліктің дамуына ықпал етуденге 2349588 мың теңге, әлеуметтік сала мамандарын әлеуметтік қолдау шараларын іске асырудан 1165828 мың теңге.

2. Жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыру

Облыстық бюджет шығындары бойынша түзетілген бюджет жоспары 178759362,2 мың теңге 178401805,2 мың теңгеге немесе 99,8% атқарылды. Жоспарланған сомадан 357557 мың теңге бюджет қаражаты пайдаланылмай қалды, оның ішінде жергілікті атқарушы органы резервінен пайдаланылмағаны – 97862,3 мың теңге және республикалық бюджеттен ағымдағы және даму нысаналы трансферттері 22188,2 мың теңге, жергілікті бюджеттің жете пайдаланылмаған сомасы 237506,5 мың теңге.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 44-бабы 5-тармағына сәйкес өткен қаржы бөлінген, ағымдағы қаржы жылы ішінде пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттер жоғары тұрған бюджетке ағымдағы қаржы жылының соңына дейін, оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуға жатады, осыған сәйкес 2014 жылы өткен жылғы пайдаланылмаған трансферттер сомасы 769163,5 мың теңге республикалық бюджет кірісіне қайтарылды.

2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 31, 48 және 105 - баптарына сәйкес бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бюджеттік бағдарламалардың жоспарланылуына, негізделуі мен іске асырылуына, сондай-ақ нысаналы трансферттердің пайдаланылуына, тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізілмеуіне жауап береді.

1. 2014 жылы «Қызылорда облыстық мәслихаты» мемлекеттік мекемесі қызметін қамтамасыз ету бойынша шығыстарына жоспарланған 38895 мың теңге 37742,3 мың теңгеге (97%) орындалып, 1152,7 мың теңге игерілмеген.

«Облыс мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бағдарламасы бойынша жергілікті бюджеттен 38452 мың теңге қаралып, 37300,7 мың теңге (97%) игерілді, игерілмеген 1151,3 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген қаржы. Сонымен қатар, республикалық бюджеттен мемлекеттік мекемелердің мемлекеттік қызметшілері болып табылмайтын жұмыскерлерінің еңбекақы төлеуге және олардың лауазымдық айлықақыларына ерекше еңбек жағдайлары үшін 10% мөлшерінде ай сайынғы үстемеақыға 141 мың теңге бөлінген, оның 140,1 мың теңгесі (99,3%) игерілді. Игерілмеген 0,9 мың теңге үнемделген қаржы.

«Мемлекеттік органдардың күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына бөлінген 302 мың теңге 301,6 мың теңгеге (99,9%) игеріліп, игерілмеген 0,4 мың теңге үнемделген қаржы.

2015 жылдың 1 қаңтарына мекеме бойынша кредиторлық, дебиторлық, қарыздар қалыптаспаған.

2. 2014 жылғы түзетілген бюджет бойынша «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бюджеттік бағдарламаларын ұстауға 5114106,2 мың теңге 5107749,5 мың теңгеге (99,9%) игерілген, 6356,7 мың теңге игерілмеген қаржы.

«Облыс әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер» бюджеттік бағдарламасына 1385300 мың теңге жоспарланып, 1384833 мың теңгеге (100%) игерілген, 467 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген.

«Мемлекеттік органның күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына 2026431 мың теңге жоспарланып, 2022489,3 мың теңгеге (99,8%) игеріліп, игерілмеген қаржы 3941,7 мың теңге, оның 1,7 мың теңгесі мемлекеттік сатып алу конкурсынан үнемделген, 3940,0 мың теңге мердігер «Рахаш» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің келісім шарттың талаптарын орындамай автокөлікті уақытында жеткізбеуінен, осыған байланысты мердігерді «жосықсыз» деп тану туралы талап арыз сот органдарына берілді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнаулы өкілінің аппараты» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 40235 мың теңгенің 40191,9 мың теңгесі (99,9%) орындалып, 43,1 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген.

«Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелерінің және ұйымдарының күрделі шығыстары» бюджеттік бағдарламасына бөлінген 21703 мың теңге толығымен игерілген.

«Ақпараттық технологиялар орталығы» мемлекеттік мекемесінің қызметін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасына 308752 мың теңге жоспарланып, 308751,3 мың теңгеге (100%) игерілген, 0,7 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген қаржы.

«Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу» бюджеттік бағдарламасына бөлінген 8667 мың теңгенің 8653 мың теңгесі (99,8%) игеріліп, 14 мың теңге ағымдағы шығындардан үнемделген.

«Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар» бюджеттік бағдарламасына жоспарланған 24241 мың теңге 22367,4 мың теңгеге (92,3%) орындалып, 1873,6 мың теңге игерілмеген, оның 1873 мың теңгесі Байқоңыр жиын пункті

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Басқармасы (120015, Қызылорда қаласы,К.Байсейітова көшесі, 104а үй, тел.: 8(7242) 26-45-09, 27-55-30) келесі бос лауазымға конкурс жариялайды:

Ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік жөніндегі прокурор (С-OGP-8) –1 бірлік.

Функционалдық міндеттері: Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының және Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитеті Төрағасының бұйрықтарымен бекітілген Нұсқаулық, Ереже және т.б. құқықтық-нормативтік актілері талаптарына сәйкес Басқармадағы автоматтандырылған ақпараттық жүйелердің қалыпты жұмыс істеуін, ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, парольдік қорғау тәртібін реттеу, жүйелерге санкцияландырылмаған өзгертулер енгізуге жол бермеу, жүйе мәліметтерімен жұмыс істеуге рұқсат етілмеген қызметкерлерге автоматтандырылған мәліметтер банкін рұқсатсыз пайдаланудан қорғау, электронды байланыс арқылы кіріс және шығыс құжаттарының айналымын бақылау.

Негізгі міндеттерді орындаумен қатар, құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласында прокурорлық қадағалау жүргізу жөніндегі міндеттерді атқару.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар: білімі – нақты лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес келетін жоғары кәсіби білім; денсаулық жағдайы бойынша құқық қорғау органдарында қызмет өткеруге жарамдылығы; нақты лауазым бойынша функционалдық міндеттерін атқару үшін қажетті міндетті білімінің, икемінің, дағдысының болуы.

Жұмыс ақысы 96735 теңгеден бастап.

Конкурсқа қатысу үшін келесі құжаттар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 04.04.2014 жылғы №40 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының прокуратура органдары, ведомстволары және мекемелерінде лауазымдар үшін конкурс және тағылымдама өткізу Қағидасының (бұдан әрі- Қағида) №2 қосымшасына сәйкес нысандағы өтініш;

2) осы Қағиданың №3 қосымшасына сәйкес нысандағы сауалнама;

3) осы Қағиданың №4 қосымшасына сәйкес нысан бойынша (тұрғылықты тұратын мекенжайы мен телефоны, оның ішінде байланыс телефонын көрсете отырып) толтырылған кадр есебі жөніндегі жеке іс парағы;

4) жақын туыстарын, оның ішінде бұрынғы ерлі-зайыптарын көрсете отырып, осы Қағиданың №5 қосымшасына сәйкес нысан бойынша толтырылған қолмен және басылып жазылған толық өмірбаяны;

5) Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

6) білімі туралы құжаттардың нотариалдық куәландырылған көшірмелері;

7) еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариалдық куәландырылған көшірмесі;

8) әскери билеттің немесе әскерге шақыру учаскесіне тіркелгені туралы куәліктің көшірмесі;

9) 3х4 үлгідегі (3 дана) сурет;

10) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес азаматтың және оның жұбайының (зайыбының) табыстары мен мүліктері туралы декларацияны тұратын жері бойынша салық органына табыс еткенін растайтын құжаттар;

11) конкурсқа қатысу үшін құжаттарды өткізу кезінде жарамды, шекті мәннен төмен емес қолданыстағы заңнаманы білуге арналған компьютерлік тестілеудің нәтижелері;

Тестілеу бойынша төменгі мәні осы Қағиданың №6 қосымшасына сай Тестілеу бағдарламасында көзделген нормативтік құқықтық актілер бойынша сұрақтардың жалпы санының 70% кем емес дұрыс жауаптардан тұрады.

12) прокуратура органдарында қызмет өткеруге жарамдылығын анықтау үшін әскери-дәрігерлік комиссияларда медициналық және психофизиологиялық куәландырудан, сондай-ақ полиграфологиялық зерттеуден өтудің және міндетті арнайы тексеру қорытындылары;

13) құқықтық статистика және арнайы есепке алу органдарының соттылығы жоқтығы, сот тәртібімен соңғы бір жылдың ішінде қасақана әкімшілік құқық бұзушылық жасамағаны, сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар үшін тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылмағаны туралы анықтамасы;

14) соңғы жұмыс (оқу) орнынан мінездеме.

Көрсетілген құжаттардың біреуінің болмауы оларды қараудан бас тарту үшін негіз болып табылады.

Азаматтар біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне және іскерлік беделіне қатысты (біліктілігін арттыру, ғылыми (академиялық) дәрежелер мен атақтардың берілуі, мінездемелер, ұсынымдар, ғылыми жарияланымдар туралы құжаттардың көшірмелері) қосымша ақпарат бере алады.

Мұқабаға салынған және құжаттардың тізбесі жазылған барлық құжаттар өз қолымен немесе пошта арқылы 120015, Қызылорда қаласы, К.Байсейітова көшесі, 104а үй мекенжайына, конкурс жарияланған күннен бастап 5 күн ішінде ұсынылады.

ҚР БП құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Қызылорда облысы бойынша Басқармасы.

ӘУЕСҚОЙ АҢШЫЛАРДЫҢ НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысы аумағында күзгі-қысқы аң аулау маусымдары 2015 жылдың 15 тамызынан бастап, ҚР аумағында аң аулау ережесінің 11-қосымшасында көрсетілген жануарларды аулауды өткізу мерзімдеріне сәйкес:

20 тамыз-30 қараша - бөдене, кептерлер;

1 қыркүйек-31 желтоқсан – жабайы шошқа;

5 қыркүйек-15-қараша – шіл (аулайтын иттермен және аушы құстармен 15 тамыздан бастап);

5 қыркүйек-15 желтоқсан – жыл құстарына (қаз, үйрек, қасқалдақ);

5 қыркүйек - 31 желтоқсан – борсық;

15 қазан-31 желтоқсан – қырғауыл (аулайтын иттермен және аушы құстармен 1-қазаннан бастап);

1 қараша 2015 жыл - 15 ақпан 2016 жыл – қоян, түлкі, қарсақ бойынша ашылатындығын хабарлайды.

Сонымен қатар, аң аулау аңшылық пайдаланушыларға бекітілген аңшылық алқаптары жерлерінде жүргізілетіндігі ескертіледі.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы. Тел.: 23 19 66.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ атынан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы (120001 Қазақстан Республикасы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі,1) активтерін (әкімшілік ғимарат пен оған тиесілі құрал-жабдықтар мен жер телімдерін) сату бойынша тендер өткізетінін хабарлайды.

Тендер арқылы сатуға ұсынылатын актив туралы мәліметтер:

Лот №1. «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының активтері (әкімшілік ғимарат пен оған тиесілі құрал-жабдықтар мен жер телімдерін) орналасқан мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Қорқыт ата, 22А (26А) және 22, бастапқы бағасы ҚҚС-сыз 78 139 726,00 (жетпіс сегіз миллион бір жүз отыз тоғыз мың жеті жүз жиырма алты) тенгені құрайды.

Өткізу нысанымен танысу күні, уақыты және реттілігі:

19, 20 тамыз 2015 ж., сағ.10:00-12:00; «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ ҚӨФ-на Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1, 4-қабат, №417 кабинетке хабарласу арқылы.

Өнімді қамтамасыз ету үшін өткізілетін актив сомасының 15% көлеміндегі кепілдік жарнаны келесі банк шотына аудару қажет:

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы, СТН 330100233122, БСН 070341004675, ЖСК KZ 31 6010 2010 0018 0144 КОФ «Қазахстан Халық Банкі» АҚ ҚОФ, HSBKKZKX.

Тендер арқылы сатуға ұсынылатын актив құны 100% көлемде, сату-сатып алу келісім-шарты күшіне енген сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде төленеді.

Тендер өткізу шарты, техникалық сипаттамалар және қатысушыларға қойылатын басқа да талаптар тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттама талаптарына сай келетін барлық қатысушылар тендерге жіберіледі.

Тендерлік құжаттар көшірмесінің пакетін 2015 жылғы 31 тамыз, сағ.12:00-ге дейін Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі,1, 4-қабат, №417 кабинеттен, күн сайын сағ. 10:00-17:30 (түскі үзіліс 13:00-14:30) демалыс және мереке күндерінен басқа уақыттарда алуға болады.

Қатысушы өкілінде тендерлік құжаттар көшірмесін алуға, тендерлік өтінім беруге, сондай-ақ, тендерлік өтінімдер конвертін ашу кезінде қатысуға сенімхат және жеке тұлғаны куәландыру құжатының көшірмесі болуы тиіс.

Тендерлік құжаттама қатысушыларға тегін ұсынылады.

Тендерге қатысу бойынша өтінімдер конвертке салынып, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалына, Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1, 4-қабат, №417 кабинетке ұсынылады (жолданады).

Тендерлік өтінімдермен ақшалай кепілдік жарна төленгені туралы төлем тапсырмасын ұсынудың соңғы мерзімі: 2015 жылғы 31 тамыз, сағ. 12:00-ге дейін келесі мекен-жай бойынша: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1, 4-қабат, №417 кабинет.

Тендерге қатысуға берілген өтінімдері бар конверттер 2015 жылғы 01 қыркүйек, сағ. 10:00-де келесі мекен-жайда: Қызылорда қ., Бейбарыс Сұлтан көшесі, 1, 4-қабат, №417 кабинетте ашылады.

Қатысушылар мен олардың өкілдері тендерлік өтінімдері бар конверттерді ашу кезінде қатысуына болады. Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің тендерлік комиссия отырысына қатысуға сенімхаты болуы тиіс.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы (7242) 55-17-42, 55-17-44, ішкі 2831 телефоны арқылы Қ.Абжаппароваданалуға болады.

КЕЛІСІМ-ШАРТ №_____

Тұрмыстық тұтынушыларды электр қуатымен жабдықтау келісім-шарты

Қызылорда қаласы **«_____»_____20 жыл**

14 шілде 2009 жылғы №000498 лицензиясына сәйкес тұтынушыларды электрмен жабдықтауды жүзеге асыратын, бұдан әрі жеткізуші деп аталатын, «Энергосервис» ЕЖШС, атынан Жарғы негізінде әрекет ететін, директоры Есенбаев Е.Б., бір тараптан, және бұдан әрі тұтынушы деп аталатын, _____ __ _____ _____,

атынан екінші тараптан, бұдан әрі Тараптар деп аталатындар төмендегілер туралы осы электрмен жабдықтау шартын (бұдан әрі – шарт) жасасты:

1. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1.Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) есептік кезең – тұтынылған электр энергиясы есепке алынып, тұтынушыға төлем жасауға ұсынылатын, Электрмен жабдықтау шартымен айқындалатын уақыт кезеңі;

2) тұтынушы – электр энергиясын Шарт негізінде тұтынатын жеке тұлға;

3) коммерциялық есепке алу құралы – Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануға рұқсат етілген электр энергиясын коммерциялық есепке алуға арналған техникалық құрылғы;

4) электр энергиясын есепке алу схемасы – берілетін және тұтынылатын электр энергиясының көлемін есептеу үшін оны есепке алуды қамтамасыз ететін электр энергиясын есепке алу құралдарының белгілі бір электрлік жалғануы.

2. Шарттың мәні

2. Жабдықтаушы энергия таратушы ұйымның қосылған желісі арқылы тұтынушыға электр энергиясын беруге міндеттенеді, ал тұтынушы осы Шарттың талаптарына сәйкес қабылдаған электр энергиясын төлеуге міндеттенеді.

3. Шарт тұтынушымен оның қолданыстағы заңнамамен белгіленген тәртіппен энергия таратушы ұйымның желісіне қосылған жабдығы болған жағдайда, сондай-ақ коммерциялық есепке алу құралы болған жағдайда жасалады.

4. Шарт бойынша абонент энергияны тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын жеке тұлға болған жағдайда, абоненттің белгіленген тәртіппен жалғанған желіге нақты қосылу күнінен бастап Шарт жасасқан болып саналады.

5. Шарт жасасу үшін тұтынушыда мына:

1) тараптардың тұтынушыны электр желілеріне қосу схемасымен электр желілерінің теңгерімдік тиесілігін және пайдалану жауапкершілігін бөлу актісі (көппәтерлі құрылыстарда тұратын жеке тұлғаларды қоспағанда);

2) электр энергиясын коммерциялық есепке алу жүйесін қабылдау актісі;

3) жылжымайтын мүлікке тіркелген құқық туралы анықтама немесе электрмен жабдықтау объектісіне құқық белгілейтін құжаттар көшірмесі;

4) жеке басын куәландыратын құжатты қоса ұсынып, Электрмен жабдықтау шартына қол қоюға құқығы бар тұлғаға берілетін бұйрық (сенімхат);

5) техникалық шарттар (көппәтерлі құрылыстарда тұратын жеке тұлғаларды қоспағанда);

6) дербес деректерін жинауға және өңдеуге жазбаша келісімімен жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері (жеке тұлғалар үшін);

7) тұрғын үйде (пәтерде) тұратын жеке тұлғалардың санын растайтын құжат (жеке тұлғалар үшін) болуы қажет.

Объектінің иесі ауысқан жағдайда, техникалық талаптарды ұсыну талап етілмейді.

3. Тұтынатын электр энергиясын есепке алу

6. Жабдықтаушының жіберген және тұтынушының қабылдаған энергиясының көлемі коммерциялық есепке алу құралының көрсеткішімен анықталады, ал тұтынушының кінәсінсіз (пломбаның бүтіндігі және есептеу құралының алдыңғы актіде көрсетілген орнатуы және аспаптық тексерісіне сәйкес келген жағдайда) коммерциялық есепке алудың бұзылуы анықталған жағдайда, тұтынудың есебін энергия беруші ұйым алдыңғы немесе электр энергиясының қаржысы мен есепке алу схемасы түзетілген келесі есептік кезеңнің орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізеді. Есеп айырысу кезеңі бұзылу анықталған күннен бастап коммерциялық есепке алуды бұрынғы қалпына келтіру күніне дейінгі аралықты қамтиды, алайда ол мерзім күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспауы қажет.

Тұтынушы коммерциялық есепке алуды бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күндік мерзім ішінде қалпына келтіреді.

Бұзушылық анықталған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң коммерциялық есепке алу қалпына келмеген жағдайда, есеп айырысу техникалық шарттарға сәйкес рұқсат етілген қуат бойынша, ал техникалық шарттар болмаған жағдайда, тәулігіне 24 сағат пайдалануды ескеріп, қосу коммутациялық аппаратының номиналды тогы бойынша жүргізіледі.

7. Тұтынылатын электр энергиясын есепке алу кезінде коммерциялық есепке алу құралы тараптардың теңгерімдік жауапкершілігі шекарасында орнатылады.

8. Коммерциялық есепке алу құралының саны осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша коммерциялық есепке алу құралдарының тізбесінде көрсетіледі.

9. Коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу жабдықтаушының немесе энергия таратушы ұйымның өкілдерімен тұтынушы немесе оның өкілінің қатысуымен жүргізіледі.

Тараптардың келісімі бойынша тұтынушы өздігінен электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алып, оларды энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымға тапсыруына болады. Тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу кезінде жіберген қателіктерін энергия беруші (энергия өндіруші) және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйым олардың анықталуы бойынша түзетеді.

10. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарының көрсеткішін алу мүмкін болмаған жағдайда және егер тұтынушы бұл ретте пайдаланған электр энергиясы туралы өз бетімен мәлімет ұсынбаса, тұтынуды есептеу электр энергиясының алдыңғы кезеңдегі орташа тәуліктік шығыны бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте электр энергиясының орташа тәуліктік шығыны бойынша есептеу кезеңі үш есептік кезеңнен аспауы тиіс, кезең аяқталғаннан кейін электр энергиясын беру тоқтатылады.

4. Электр энергиясына төлем жүргізу шарттары мен тәртіптері

11. Тұтынушыларға ұсынылған электр энергиясын есептеу табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес белгіленген тарифтер бойынша жүргізіледі.

Заңды тұлғалар болып есептелмейтін тұтынушылар тұтынылған электр энергиясы үшін төлемді тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтер немесе тұтыну көлеміне байланысты сараланған тарифтер бойынша өтейді.

Жаңа тарифтерді қолданысқа енгізу тұтынушыларды бұқаралық ақпарат құралдары арқылы алдын ала мәлімдегеннен кейін жүзеге асырылады және бұл әрекет осы Шарттың қайта жасалуына негіз болмайды.

12. Энергияға есептеу тәртібі заңнамалармен немесе тараптардың келісімімен айқындалады.

Тұтынушы төлемді есептік айдан кейінгі келесі айдың 25-ші жұлдызынан кешіктірілмей (немесе Шартта келісілуі тиіс мерзімде тұтынушы мен жабдықтаушы арасындағы келісім бойынша) өтейді.

Есептік кезең бір күнтізбелік айды құрайды.

13. Электр энергиясына төлем Шартта көзделген мерзімде өтелмеген жағдайда, тұтынушы жабдықтаушыға негізгі қарыз сомасынан аспайтын әрбір мерзімі өткен күн үшін төлем өтелетін күнгі қолданыстағы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселіктен аспайтын көлемде тұрақсыздық айыбын төлейді.

14. Егер тұтынушы Электрмен жабдықтау шартының талаптарын бұзғандығы үшін ажыратылған болса, онда энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым оны бұзушылық жойылғаннан кейін және қосылу қызметінің төлемі өтелгеннен кейін қосады.

15. Тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін жабдықтаушының электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдары көрсеткіштерінің немесе Электрмен жабдықтау шартының талаптарына сәйкес тұтынудың басқа есебі негізінде есептік айдан кейінгі айдың 10-шы жұлдызынан кешіктірмей жазып берген төлем құжаты бойынша есептеседі.

Тұтынушылар жабдықтаушыдан төлем құжатын өз бетінше алады (электр энергиясын тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланатын тұтынушыны қоспағанда).

16. Электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралын электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан тыс орнатқан жағдайда, электр желісінің теңгерімдік тиесілік шекарасынан электр энергиясының коммерциялық есепке алу құралдарын орнатқан жерге дейінгі учаскедегі электр энергиясының шығындары шарт негізінде теңгерімінде желінің көрсетілген учаскесі тұрған иегердің меншігіне жатқызылады және энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның есептік жолымен анықталады.

17. Смарт-картасы бар есепке алу құралдарын қолдануға негізделген электр энергиясының автоматтандырылған коммерциялық есепке алу жүйесі болған жағдайда, тұтынушы тұтынған электр энергиясы үшін төлемді төлем құжатынсыз өз бетінше анықтаған көлемде өтейді.

5. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері

18.Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес электр энергиясын алуға;

2) жабдықтаушыдан келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуін талап етуге;

3) электр энергиясын өзіне қажетті көлемде қолдануға;

4) жабдықтаушыны ескертіп, тұтынған электр энергиясы үшін толық төлем өтеген жағдайда, Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға;

5) шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;

6) көп мөлшерлемелі есепке алу құралы болған жағдайда, жабдықтаушыға тәулік аймақтары бойынша сараланған тарифтерді белгілеуге өтініш білдіруге;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарға құқылы.

19.Тұтынушы:

1) электр энергиясын тұтыну режимін сақтауға;

2) электр және энергия қондырғыларының, коммерциялық есепке алу құралдарының тиісті техникалық жағдайда ұстауға, Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 143 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10403 тіркелген) Электр энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес олардың техникалық жағдайына қойылатын талаптарды орындауға;

3) осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тұтынушыны электрлік желіге қосу схемасын сақтауға;

4) авариялар, өрттер, электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдары жұмысындағы ақаулар және электр энергиясын пайдалану кезінде пайда болатын өзге де бұзылушылықтар туралы жабдықтаушыға дереу хабарлауға;

5) қарап байқау, Шарттың талаптарын орындауын тексеру мақсатында энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымдардың және (немесе) жабдықтаушының өкілдеріне коммерциялық есепке алу құралдарына кіруге рұқсат етуге;

6) жасасқан Шартқа сәйкес тұтынылған электр энергиясының төлемін уақытылы өтеуге міндетті.

6. Жабдықтаушының құқықтары мен міндеттері

20. Жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйым:

1) төмендегі жағдайларда тұтынушыны электрмен жабдықтау тоқтатылғанға дейін кемінде 30 (отыз) жұмыс күні бұрын ескертіп, электр энергиясын беруді жартылай немесе мүлде тоқтатуға:

Электрмен жабдықтау шартымен белгіленген мерзімде электр энергиясының төлемақысын толық немесе мүлде төлемегенде;

Электрмен жабдықтау шартымен белгіленген электрді тұтыну режимі бұзылғанда;

белгіленген мерзімде энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның Қағидаларға сәйкес бұзушылықтарды жою туралы талаптары орындалмаған жағдайда.

2) Энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым төмендегі жағдайларда тұтынушыны алдын ала ескертусіз электр энергиясын беруді толық тоқтатады:

электр энергия қабылдағыштарын энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның желілеріне өз бетімен қосса;

электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарынан басқа (есепке алмай) электр энергиясының қабылдағыштарын қосса;

энергия беруші (энергия өндіруші) ұйым және өзге тұтынушылардың электр қондырғыларының қалыпты жұмысын бұзатын деңгейге дейін тұтынушының кінәсінен электр энергиясының сапа көрсеткіші төмендесе;

жұмыс уақытында (іссапарға жіберу құқығында) энергия беруші (энергия өндіруші) ұйымның және энергетикалық қадағалау және бақылау органының өкілдерін тұтынушының электр энергиясын коммерциялық есепке алу құралдарын және электр қондырғыларын қарауға жібермесе; апатты жағдайда.

Энергиямен жабдықтаушы және (немесе) энергия беруші ұйым резервтік қуаттандыру болмаған жағдайда, жабдықты жөндеу және жаңа тұтынушыларды қосу бойынша жоспарлы жұмыстарды жүргізу үшін тұтынушыны электр энергиясымен жабдықтауды тоқтату туралы ажыратудан күнтізбелік үш күн бұрын ескертеді.

Энергия беруші ұйым адам өміріне қауіпті, айтарлықтай экономикалық зиянға, коммуналдық шаруашылықтың және электрмен жабдықтау жүйесінің айрықша маңызды элементтерінің істен шығуына әкелуі мүмкін апаттардың алдын алу немесе жою бойынша шұғыл шараларды қабылдау үшін тұтынушыны дереу хабарлап, сұраныс бойынша электр энергиясымен жабдықтауды тоқтатады.

3) Шарт жасасуға және оны орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін сотқа жүгінуге;

4) тұтынушыдан келтірілген нақты залалды толық көлемде өтеуін талап етуге;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де құқықтарға құқылы.

21.Жабдықтаушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес электр энергиясын беруге;

2) төлемақы өтемеуіне байланысты тұтынушыны ажыратудан бұрын жазбаша түрде ескертуге;

3) электрмен жабдықтау қызметтерінің тарифтері, оның өзгертулері туралы ақпаратты тұтынушыға бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабарлауға;

4) тұрмыстық тұтынушыдан оған ұсынылатын электр энергиясы үшін өз кассалары арқылы, сондай-ақ банк операцияларының жеке түрлерін көрсететін банктер мен ұйымдар арқылы төлем қабылдауды қамтамасыз етуге;

5) тұтынған электр энергиясының төлемін өтеу үшін тұтынушыға ай сайын төлем құжатын ұсынуға;

6) табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісілген тарифтер бойынша электр энергиясын ұсынуға (тиісті нарықта үстемдік танытатын, реттелетін нарықтың доминанттар тізбесіне кіретін жеке тұлғалар үшін) міндетті.

22. Жабдықтаушы тұтынушыға тәулік аймақтары және (немесе) оны тұтыну көлеміне байланысты (жеке тұлғалар үшін) сараланған тарифтер бойынша электр энергиясын өткізуден (сатудан) бас тартуға құқығы жоқ.

7. Тараптардың жауапкершілігі

23. Электрмен жабдықтау шарты бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған немесе мүлдем орындамаған жағдайда, Тараптар нақты келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

24. Жабдықтаушы форс-мажор жағдайларында (сұрапыл оқиғалар, әскери іс-қимылдар және т.б.), сонымен қатар жабдықтаушының еркінен тыс болған түрлі жағдайларда (электр тарату желілерінің және басқа құрал-жабдықтардың зақымдалуы немесе ұрлануы т.б.) тұтынушының алдында материалдық жауапкершілікке тартылмайды.

25. Тараптар өздерінің атауларының, заңды мекен-жайларының, нақты тұрғылықты жерінің өзгергендігі және осы Шарт талаптарын орындау үшін қажетті өзге де деректемелері туралы бір-біріне жедел түрде хабарлауға міндеттенеді.

8. Қорытынды ереже

26. Шарт тараптардың қолы қойылған күнінен бастап бір жыл мерзімге жасасқан болып есептеледі.

Шарттың мерзімі аяқталғаннан кейін тараптардың бірі Шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтінім білдірмеген жағдайда, Шарт жасасқан кездегі талаптарымен сол мерзімге ұзартылған болып есептеледі.

Шарт Тараптардың келісімі бойынша өзгертілуі мүмкін.

27. Осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты жабдықтаушы мен тұтынушы арасындағы барлық даулы мәселелер заңнамада белгіленген тәртіпте шешіледі.

28. Шартқа тараптардың келісушілігімен енгізілетін барлық өзгертулер мен толықтырулар Шарттың ережелеріне қайшы келмеуі тиіс, олар қосымша келісім түрінде ресімделеді, тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолы қойылып, заңнамада белгіленген тәртіп бойынша ресімделеді.

29. Осы Шарт әр тарап үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бір данадан бірдей заңды күші бар мемлекеттік және орыс тілдерінде екі ұқсас данада жасалған. Тұтынушының қалауы бойынша белгіленген тілдердің біреуінде Шарт жасауға рұқсат етіледі.

30. Қайта есеп айырысуға әкелетін барлық өзгерістер тұтынушының барлық қажетті құжаттарды міндетті түрде қоса бере отырып, жабдықтаушының мекен-жайына жазған өтінішін берген күнінен бастап жүргізіледі. Қайта есеп айырысу кемінде 3 (үш) ай кезеңіне жүргізіледі.

31. Осымен Тұтынушы Жабдықтаушыға Жабдықтаушыдағы ол туралы немесе Шарттың талаптарын орындау мақсатында болашақта көрсетілген көзге түсетін жеке деректерді жинауға, өңдеуге және сақтауға, сондай-ақ тұтынушы туралы барлық мемлекетік/мемлекеттік емес органдарда, ұйымдарда, оның ішінде, сот органдарын қоспағанда, жеке деректерді таратуға келісім береді.

Осымен тұтынушы оның жеке деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға қандай да бір қосымша келісім талап етілмейтінін және олардың осы Шартты орындау үшін тұтынушының жеке деректерін жинауға, өңдеуге және таратуға қатысты келешекте Жабдықтауға қандай да бір талаптар болмайтынын растайды.

9.ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕН-ЖАЙЫ, БАНКТІК ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ, ҚОЛЫ ЖӘНЕ МӨРІ

«Жеткізуші» - «Энергосервис» ЕЖШС		**«Тұтынушы»**
Мекен жай**: Қызылорда қаласы, Әуезов к-сі 19** РНН 331 000 001 758, БИК ALMNKZKA, ИИК KZ18826N0KZTD2001608 «АТФ Банк» АҚ ҚФ БИН 990 640 000 352		
тел.\ факс 400-979 Келісім шартқа 4 қосымша; № 1 – электр қуатының жеткізу көлемдері № 2 – коммерциялық есептегіш құралдардың тізімі № 3 – Электр желісінің баланстық жабдықтарын айыру акт № 4 – Бір сызықты электр қуатымен жабдықтау схемасы. **Директор** **ДТОО «Энергосервис»** **Е.Есенбаев** _____ **М.О**		

● ТАҒЫМ

АРДАГЕР АТЫНДАҒЫ КӨШЕ

Жуырда Төңкеріс ауылдық округіндегі жаңа көшеге Ұлы Отан соғысының ардагері Байдүйсен Тәркешовтің есімі берілді. Салтанатты жиынға аудан әкімшілігі, ардагерлер кеңесінің өкілдері, ауыл тұрғындары қатысты. Ардагердің құрметіне кіші футболдан турнир өткізілді.

Байдүйсен Тәркешов 1942 жылы әскер қатарына алынып, майданға аттанды. Ауылда ата-анасы, бір ай ғана бұрын үйленген жары Жұпарқұл қалған еді. Отан қорғауға араласқан жерлесіміз взвод командирінің орынбасары ретінде Украина, Польшаны азат етуге қатысты. Бірнеше орден, медальдармен марапатталды. Ол келе шаруашылыққа араласып, трактор жүргізді. Озаттар қатарынан саналды. Міне, арада бірнеше жылдар салып, оның есімі қайта жаңғырды.

Н.НАЗЫМХАНҰЛЫ.

Қазақ халқы қашаннан қарттарына құрмет көрсеткен. Жалғанда ата-анадан асқан жақын, жанашыр жан жоқ. Перзентін өмірге әкеліп, бағып-қағып ержеткізеді. Алайда, бүгінде сол жандардан балалары бас тартып, болмаса, түрлі жағдайлармен қарттар үйіне орналасып жатады. Мұндағы әрбір жанның тағдыры әрқилы. Дегенмен, қарттарын қамқорлыққа алып, барлық жағдаймен қамтамасыз етіп отырған мемлекеттік орталықтар бар. Ол – қарттар мен мүгедектерге арналған жалпы үлгідегі интернат үйі.

ҚАРТТАРДЫ ҚАМҚОРЛЫҚ ҚАНАТТАНДЫРАДЫ

Осы орайда қарияларымыздың жайы қалай деген оймен біз осы мекемеге арнайы бас сұктық. Интернат үйінде 170 қызмет алушы бар екен. Өткен жылы бұл

нысанға күрделі жөндеу жұмыстары жасалып, заманауи үлгідегі құрал-жабдықтармен жасақталды. Әрбір тұрғын керекті тұрмыстық заттармен қамтамасыз етілген. Сегіз бағытта арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіледі. Сондай-ақ, 2011 жылдан бастап интернат жанынан 100 орынға аралған күндізгі бөлімше ашылды.

Мұндағы әрбір қарияның тұрғын бөлмелерінде соңғы үлгідегі тоңазытқыш, теледидар, желдеткіш пен керекті заттар орналасыпты. Бес мезгіл ас беріледі, әрбір қабатта асхана бар. Бос уақыттарында шахмат ойындарымен, колонермен айналысатын шебер қариялардың қолдан жасалған дүниелерімен танысып шықтық. Олардың еңбектерінен көрме жасақталыпты. Денсаулықтарына байланысты медициналық бөлім жұмыс жасайды. Онда жоғары сапалы заманауи медициналық құралдармен жабдықталған физио-емдеу, спорттық велотренажерлармен қамтылған емдік денешынықтыру кабинеті мен егу, массаж жасау бөлімдері қарттарға қызмет көрсетеді. Олар қарияларға көмектесіп, демеп отырады. Ал өсімдік бұрышында аналарымыз үй жағдайындағы гүлдердің сан түрін жайнатып қойыпты.

– Алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар көп. Ең біріншіден, ипотерапия «жылқымен емдеу» ісін ашуды орайластырып отырмыз. Сонымен қатар, мұнда қариялар өздері еңбектенгенді ұнатады. Сондықтан оларға арнап жылыжай салуды жоспарлап отырмыз. Бұл іске демеушілер де табылды. Онда көкөністер, жеміс-жидектер мен түрлі өсімдіктерді баптап, бір жағы тыныққа, екіншіден бос уақыттарында еңбек ететін болады. Бұған қарияларымыз да қуанып жатыр. Тағы бір айта кетерлігі, мекеме алаңының бос аумағына аллея ретінде қазақы үлгідегі ауыл тұрғызуды да іске асырмақ ойымыз бар. Қазақы киіз үй, ішінде ұлттық нақыштағы дүниелер орын алады және Тағзым алаңы бой көтеретін болады. Қарттарды арнайы тарихи және киелі мекендерге жыл сайын апарып отырамыз. Биыл Қармақшыдағы «Қорқыт ата» кешеніне баруды қолға алып жатырмыз, - деді мекеме директорының әлеуметтік жұмыстар жөніндегі орынбасары Ержан Ақшалов.

Мекеменің ауласы да жасыл желекке оранғанын көрдік. Ондағы тұрғындар әр аумақты белгілеп, көгалдандыру жұмыстарын жүргізеді екен.

Сондай қарттардың бірі – Жарылқаған Есбергенов атамызды әңгімеге тарттық. Ол Қармақшы ауданында 22 жыл диқан болыпты. Күріш егіп, сол ауылдың шаруашылығын жандандыруға үлес қосқандардың бірі екен. 2000 жылы жолдасы қайтыс болып, ақыр соңында осында орнығыпты. Ал ерлі-зайыпты Елена Мындреску мен Арысбай Баженов гүлдің сан түрін егіпті. Олар жайнап тұр. Осындай қоғамдық жұмыстарға белсене араласатындардың қатарында Дастанбек Елемесов, Ереже Исабаев секілді тыл ардагерлері де бар екен. Мұндағы тіршіліктің жайына қанығып, көңіліміз жайланды.

Олар нағыз отбасының тірегіне айналып, немересін емірене иіскеп отыратын шақтарында тағдырдың тәлкегімен Қарттар үйінің тұрғынына айналамын-ау деп ойламаса керек. Осы орталықтан пана тауып, әрбір таңның шуақты болып атқанына шүкіршілік етеді.

Асыл қазынамыз – қарттарымызды қастерлей білейік.

Сара ҚОРҒАНБАЙҚЫЗЫ.

● БАЙҚАУ

ЖЫРДЫҢ АЛЫП БӘЙТЕРЕГІ

Сыр елін жырдың елі атандырған Қармақшы – талай-талай таланттарды дүниеге әкелген қасиетті өңір. Қармақшы топырағынан кие дарыған Сыр сүлейлері Балқы Базар, Шораяқтың Омары, Тұрмағамбет, Кете Жүсіп, Даңмұрын, Ешнияз сал, Тасберген, Сәрсенбай, Тұрымбет сынды шайырлар дүниеге келіп, өз заманында халқының жоғын жоқтап, соңына өшпес рухани байлық қалдырды.

Міне, солардың бірі де бірегейі Жиенбай Дүзбенбетұлы. XIX ғасыр мен XX ғасыр арасын жырмен тербеген Жиенбай жыраудың әкесі Дүзбенбет туралы деректер аз. Дүзбенбеттің баласы Жиенбай жырау туралы аңызға айналған әңгімелер ел аузында осы уақытқа дейін айтылып жүр.

Жиенбай әкеміздің балалары Рүстембек, Дастанбек өз заманында батырлығымен, жыраулығымен ел ықыласына бөленсе, қыздары Марқыма, Алқыма инабаттылықтың ізгі отын жағып, көпке үлгі болған ерекше перзент болып тарихта қалды.

Жиенбай атақты Сыр сүлейі Шораяқтың Омарының апасынан туады. Жиенбайдың атын нағашы атасы Шораяқ қояды. Ал, бала жырау жастайынан нағашы ағасы Омардың жанында жүріп, оның ақындық, жыраулық өнерін бойына сіңіріп өседі. Бертін келе есімі Алты Алашқа мәшһүр болған Жиенбай жырау туралы қазақ әдебиеті мен мәдениетінің ірі қайраткерлері Ә.Тәжібаев, М.Қаратаев, А.Тоқмағамбетов, Р.Бердібай, М.Байділдаев, А.Мекебай, Б.Адамбай, А.Құнанбаева, Ө.Күмісбаев, Ә.Қоңыратбаев, Т.Тебегенов, т.б. өнертанушылар жыраудың өмірі мен өнері жайлы кең көлемде мақалалар мен зерттеулер жазды.

Жиенбай жыраудың баласы Рүстембектің ерекше дарыны ең алғаш 1917 жылы үш жүздің басын қосқан Шонайдың асында танылады. Жастайынан Қожагелді Балтоқа деген ауыл молдасынан дәріс алған Рүстембек ауыл балаларын оқытып, білім беру жолында аянбай еңбек етеді.

Ал Рүстембек жыраудың балалары Көшеней, Бидас ағаларымыз тектіліктің туын тік ұстап ата жолын жалғастырды.

«Қазақ фольклорының алтын тәжі» атанған Көшеней жырау жыр жұлдызындай жарқ етті де сағымға айналып кете барды. Бұл күнде әке аманатын арқалаған Көшеней жыраудың бел баласы Арнұр өшпес өнердің көшін жалғап отыр.

Осындай, атадан балаға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасқан жыраулық өнерді насихаттау мақсатында Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен, облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының ұйымдастыруымен 2015 жылдың 14 тамазы күні Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында даңғайыр жырау Жиенбай Дүзбенбетұлының 150 жылдығына арналған «Жыр жүйрігі – Жиенбай» атты аймақтық жыршы-жыраулар байқауы өтеді. Оған Батыс Қазақстан, Алматы, Ақтөбе, Тараз, Ақтау, Астана қалаларынан және Сыр елі жыраулық мектептерінің өкілдері қатысады.

Бабалар мұрасы – бүгінгі күннің қазынасы. Киелі жырдың алып бәйтерегі әлі талай таланттарды рухымен желепжебеп өнер сахнасында биіктерге көтерері анық.

Сәбит АМАНКЕЛДИЕВ,
облыстық халық шығармашылығын дамыту және мәдени-продюсерлік орталығының директоры.

ЖАС ОТБАСЫЛАРҒА ОЙ САЛҒАН ОТЫРЫС

Бүгінде қалалық АХАТ бөліміне заң жүзінде ажырастыруға өтініштер жас отбасылардан емес, керісінше бас қосқандарына 20-30 жыл болған ерлі-зайыптылардан келіп түседі екен. Оның себебі көбіне әлеуметтік жағдаймен байланысты көрінетін. Бұл туралы "Мәртебелі Қазақстан" қоғамдық қоры ұйымдастырған жиында қалалық АХАТ бөлімінің бастығы Шәркүл Ибрашқызы мәлімдеді. Оның айтуынша, биылғы жылдың алты айында 2036 жұп неке қидырған. Былтыр бұл көрсеткіш небәрі 1291 болған екен. Аталмыш бөлімде бұдан өзге 4 мың адамның өтініші қаралып жатыр. Ал 2014 жылы дәлелді себептермен 10 жұп 16 жасында некеге тіркелсе, жыл басынан бері 12 жігіт пен қыз ерте жастан отбасын құруға бекінген. "Бұл неке сауатсыздығы болып есептеледі. Себебі олардың бойынан әлі балалығы қалмаған. Сондықтан басым көпшілігі отбасы болудың мәнісін түсінбейді", – дейді Шәркүл Ибрашқызы.

Жиынға одан өзге көп бала тәрбиелеп отырған ерлі-зайыптылар мен енді ғана шаңырақ көтерген жастар қатысты. Бірнеше жыл отасып, демографияға да үлес қосып отырған үлгілі отбасы мүшелері өз ойларын ортаға салып, жастарға өмірде көрген-білгендерін, ойға түйгендерін айтты. Ұлттық дәстүріміз бен қазақи тәрбиенің қаймағын бұзбай қалыптастыру, ұрпақ бойына сіңіру мәселесі де әңгіме ауанынан шет қалмады. Дін саласының қызметкері де жиналғандарға отбасы құндылықтары мен ер мен әйелдің бір-бірінің алдындағы міндеттерін түсіндірді. Ұйымдастырушылар жиын соңында көпбалалы аналарға естелік сыйлықтар табыс етті.

Мөлдір ҚОЖАХМЕТОВА.

ФАСТ-ФУД – ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУІП

Күнделікті күйкі тіршілікпен жүріп, уақыттың қалай өткенін байқамай да қаламыз. Таң бозара күнтізбенің арнасына қосылып, өзіміз үшін маңызды нәрселерге мойын бұра бермейтініміз анық. Әсіресе, біріміз сабақ деп, ересектер жұмыстың қамымен жүріп дұрыс тамақтануды назардан тыс қалдырып жатады. Халық даналығында «Ас – адамның аркауы» деп бекер айтылмаған. Дұрыс тамақтана білу асқазанның қанағатын орындау ғана емес, денсаулыққа тікелей қатысты.

Өткен ғасырдың орта шенінде «жүгіріп жүріп қоректену» деп аталатын немесе фастфуд мәдениеті бүкіл әлемге тараған болатын. Иә, фаст-фуд өз заманының жаңалығы болды. Қазірде де қолданыстан шеткері қалған емес. Әсіресе, көшедегі дүкендерге бас сұға қалсаң, самсап тұратын фастфуд өнімдері көрген жанды қызықтырады. Ересектер жағы көп қолдана бермесе де, жасөспірімдер мен балалар бұл тағамның тұрақты тұтынушылары. Бағасы да қолжетімді, тойымды, дәмі тіл үйірер тамаққа балалар бір жегеннен-ақ құмарлық танытады.

Фастфуд – өте тез әрі кең қолданылатын тағамдардың бірі. «Фаст-фуд» термині «тағам» деген мағынаны аңғартады екен. Бұл тағамның бір ерекшелігі – тез дайындалатыны және тұтынушыға ыңғайлы. Фаст-фудты жеу барысында тұтынушы тез тойып қалады, бірақ ол уақытша нәрсе. Мамандардың зерттеуіне жүгінсек, тамақтанып болғаннан кейінгі жарты сағаттан соң қайтадан тамақ іздей бастайсың. Түрлі елдердегі медициналық зерттеулердің нәтижесі фаст-фуд өнімдерін күнделікті қолдану семіздікке әкеледі дейді. Бір ғана орташа көлемдегі гамбургер немесе бір стакан «Кока кола» 1500 колорияға тең. Мамандардың айтуынша, адамның бір күндік тамағы 1500 колорияны құрау керек. Ал сіз бір ғана гамбургермен шектеліп қоймайтыныңыз анық. 1920 жылдары ең бірінші фаст-фуд тағамы Америкада қолданысқа енген. Ал, 1921 жылдан бастап Канзаста White Castle атты компания ашылып, алғашқылардың бірі болып гамбургер дайындаған екен. 1940 жылдардың соңында White Castle компаниясының мықты бәсекелесі болып McDonald's компаниясы бой түзеді. Сол жылдан бастап McDonald's компаниясы алпауыт компаниялардың бірі болды. Тоқсаныншы жылдары гамбургер кедейлерге арналған зиянды тағам болып есептелінген. Оны қала көшелерінде ғана үйсіз-күйсіз адамдарға сататын болған. Тек кейінірек бұл тағам мейрамханаларға жол тартты. Америкада әрбір 10 адамның тоғызы кем дегенде айына бір рет McDonald's мейрамханасына барады. Фри картофельдерінің көпшілік арасында кең етек жайғандығы соншалық, оның сатылымының көлемі шикі картоптардан да асып түсті. Мысалы, тек 2010 жылы американдықтар 3 миллион тонна фри картофелін жеген. Рональд Макдональд американдық балалар арасында Санта Клаустан соң ең танымал тұлға болып есептелді. Фаст-фуд тағамдарының кең етек алуы американдықтардың күрт семіруіне әкелді. Америка ауруларды бақылау орталығының есептеуінше, семіздіктен жылына 248 мың американдық өмірімен қоштасады екен. Фаст-фуд өнімдерінен целлюлит, безеулер, тері кеуіп және шаштар әлсіздене береді. Ал күнделікті қолданатын болсаңыз гипертонияға, иммунитеттің төмендеуіне, ішкі ағзалардағы түрлі ауруларды шақырады.

Балаларды кішкентайынан осындай тағамдарға үйретпеген жөн. Фаст-фуд сататын дүкендер өздеріне әдемі жарнамаларымен, төмен бағаларымен, жылдам әзірленуімен тұтынушылардың назарын аудартады. Ал біз денсаулығымызға салғырт қарасақ, елдің ертеңі саналар балаларымыздың келешегі не болмақ?

Назерке БАЙДІЛДА,
ҚМУ-дың студенті.

● ОҚЫС ОҚИҒА

ТІЛСІЗ ЖАУДАН 11 АДАМ ҚҰТҚАРЫЛДЫ

Арал ауданындағы Қамбаш көліне демалыс күндері Ақтөбе облысының Ырғыз ауданы, сондай-ақ Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш аудандары мен Байқоңыр және Қызылорда қалаларынан 2,5 мыңдай адам арнайы келіп демалады. Сол демалушылар арасында катамаран тебушілер саны ұлғайып барады. Бірақ соңғы болған жағдайларға қарағанда бұл әуестік қауіпті екені далелденді. Өткен демалыс күндері үш жағдай орын алған. Сенбі күні қазалылық Ермек пен Нұрбол суға түсіп, катамаран теуіп демалуға келеді. Сол күні қатты жел соғып, катамаран жағадан шалғайға ағып кетеді. Оның үстіне катамараннның аяқ басқыш педалі бұзылып қалады. Қапелімде бір жігіт су айдынына түсіп кетеді. Дабыл түскен бойда Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының құтқарушылары моторлы қайықпен іздеуге шығады. Жігіттер құтқарылып, Нұрболға алғашқы медициналық көмек көрсетілді. Араға бір сағат салып тағы бір жағдай орын алды. Қос азамат алысқа жүзіп кеткендерін байқамай қалады. Енді жүзуге күштері қалмай, жағаға жете алмайтындарына көздері жеткен. Құтқарушылар дер кезінде көмек көрсетпегенде олар суға батып кететін еді.

Жексенбі күні жоғарыда айтылғандарға ұқсас тағы бір жайт орын алды. Төрт демалушы катамаран теуіп жүріп алысқа ағып кетеді. Қатты жел соғып, педальдің бұзылуына байланысты жағаға қайта алмай қалады. Оларға төрт туысқан катамаранмен көмекке барады, алайда олар да су қақпанына түседі. Қайта оралатын уақыт болғанда катамаран егелері дабыл қағып құтқарушылардан көмек сұрайды. Демалушылар екі шақырым алыстан әбден шаршап, күнге ысыған күйде табылды.

Осылайша өткен демалыс күндері Оңтүстік өңірлік аэроұтқыр жедел құтқару жасағының құтқарушылары 11 адамның өмірін алып қалды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

2015 жылдың 7 тамыздағы мүлікті жария етуге байланысты есептіліктің қорытындысы

Аудан	Келіп түскен өтініштер саны	Орны
Қызылорда қаласы	327	1
Жаңақорған ауданы	70	2
Қармақшы ауданы	67	3
Қазалы ауданы	66	4
Шиелі ауданы	34	5
Жалағаш ауданы	33	6
Арал қаласы	17	7
Сырдария ауданы	15	8
Арал ауданы	10	9
Қазалы қаласы	7	10

Меншік иесі:
Сыр медиа
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр бойы
Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР
Жұматәли ӘБДІРАМАН
қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43
Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:
руханият және ақпарат - 70-00-64, 70-00-73
экономика - 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат - 70-00-41
жарнама - 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап - 70-00-39, 70-00-38
заңгер - 70-00-42
компьютер орталығы - 70-00-34
корректор бөлімі

меншікті тілшілер:
Арал, Қазалы:
Жұмабек Табынбаев - 8724 38 2-34-07
Шиелі, Жаңақорған:
Нұрмахан Елтай - 8724 32 4-59-51

e-mail: syrboyi@mail.ru
site: www.syrboyi.kz
Газет аптасына 3 рет, сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.
"Сыр бойы" облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 "Сапа менеджменті жүйесі" талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланған газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. ""АҚ"-ақылы қызмет.
Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, "Сыр медиа" ЖШС өз баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4
Газеттің таралымына "Қазпошта" - 23-54-51, "Евразия-Пресс" - 27-62-84 жауапты.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 24757
Тапсырыс № 798
Электронды оқылым – 28000.